- Қуаттандыру бауының ашасын дымқыл қолмен ұстамаңыз. Ашаны розеткадан суырғанда, бауынан тартпаңыз, ашасынан ғана ұстаңыз.
- Автоматты кір жуғыш машиналарға арналған жуу құралдары мен қоспаларды ғана пайдаланыңыз.
- Киім мен киім-кешек заттаңбаларының нұсқауларын, сондай-ақ жуу құралдары қаптамасындағы нұсқаулықтарын орындаңыз.
- Машинаны орнату, техникалық қызмет көрсету, жөндеу немесе жуу алдында оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Машинаны орнату және жөндеу бойынша жұмыстарды тек авторизацияланған сервис орталығының мамандары ғана орындауы тиіс. Дайындаушы-компания оған құқығы жоқ тұлғалардың жұмыстарды орындау нәтижесінде туындаған залал үшін жауап бермейді.
- Қуаттандыру бауының зақымдануы болған жағдайда тәуекелдерді болдырмау үшін оны өндіруші, оның сервис жөніндегі өкілі, осыған ұқсас біліктілігі бар тұлға (электрик болғаны абзал) немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлға ауыстыруы тиіс.

1.2. Тағайыны бойынша пайдалану

- Бұл бұйым тұрмыстық қолдануға арналған. Бұйымды коммерциялық мақсатта, сондай-ақ тікелейтағайынына сай емес қолдануға тыйым салынады.
- Бұйымды тек тиісті таңбалануы бар киім мен киім-кешекті жуу және шаю үшін ғана пайдалануға болады.
- Дайындаушы-компания дұрыс қолданбау немесе тасымалдау нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.
- Бұйымның жобалық қызмет мерзімі 10 жылды құрайды. Осы мерзім ішінде бұйымның сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін дайындаушы-компания фирмалық қосалқы бөлшектерді ұсынады.

1.3. Балалар қауіпсіздігі

Қаптама материалдары балаларға қауіп төндіреді. Қаптамалық материалдарды балалардың қолы жетпейтін, қауіпсіз жерде сақтаңыз. Электр құралдары балаларға қауіп төндіреді. Балаларды жұмыс істеп тұрған машинаға жақын жібермеңіз. Олардың машинаны зақымдамауын қадағалаңыз. Машинаның жұмысына араласуды болдырмау үшін балалардан бұғаттауды пайдаланыңыз. Машина орнатылған үй-жайдан кеткенде, жүктеу люгінің есігін міндетті түрде жабыңыз. Жуу құралдары мен қоспаларды балалардың қолы жетпейтін, қауіпсіз жерде сақтаңыз, жуу құралы контейнерінің қақпағын жауып отырыңыз немесе оның қаптамасын жапсырып қойыңыз.

1.4. Қаптаманы кәдеге жарату



Аспаптың қаптамасы қоршаған ортаны қорғау туралы мемлекеттік заңдарға сәйкес, қайталама өңдеуге жататын шикізаттан дайындалған.

Қаптама материалдарын тұрмыстық немесе басқа да қалдықтармен бірге лақтырып тастамаңыз. Қаптама материалдарын қалдықтарды жинау және жинақтау мақсатында ұйымдастырылған арнайы орындарға (алаңдарға) апарыңыз. Қаптама қалдықтарын түрлері мен топтарына қарай, біртекті қалдықтар (бөлек жинақтау) бойынша бөлек жинау қажет. Мысалы, қаптамалық үлдірді пластикалық қалдықтарды жинауға немесе қайта өңдеуге және т. б. жататын қалдықтарды жинауға арналған контейнерге жинау қажет. Қалдықтарды уақытша жинақтау орындарына қойылатын нақты талаптарды (оның ішінде контейнерлерді белгілеу түрлерін) өңірлік құжаттардан табуға болады.

1.5. Ескі бұйымды кәдеге жарату

Бұл өнім қайта пайдалануға және қайта өңдеуге жататын жоғары сапалы бөлшектер мен материалдардан жасалған. Сондықтан бұйымды пайдаланылуы аяқталғаннан кейін қалыпты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Электр және электрондық жабдықтардың қалдықтарын кәдеге жарататын арнайы орынға тапсырыңыз. Жақын жердегі қалдықтарды жинау пунктінің орналасқан жері туралы жергілікті биліктен біле аласыз. Өңделген материалдардан жасалған өнімді пайдалана отырып, қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік беріңіз. Бұйымды кәдеге жаратар алдында қуаттандыру бауын қиыңыз және балаларға қауіпті болдырмау үшін, жүктеу люгі есігінің құлпын сындыру қажет.

1.6. Электр және электрондық жабдықты (WEEE) кәдеге жарату және пайдаланудан шыққан жабдықты кәдеге жарату туралы ЕО Директивасына сәйкестік:



Бұл бұйым электр және электрондық жабдықты (2012/19/EU) кәдеге жарату туралы ЕО Директивасына сәйкес келеді. Бұл бұйымда электр және электрондық жабдық (WEEE) ретінде кәдеге жарату қажеттігін көрсететін таңбалауы бар.

1.7. ЕАЭО ТР 037 және зиянды заттарды пайдалануды шектеу жөніндегі ЕО Директивасына сәйкестігі


Кір жуғыш машина ЕАЭО ТР 037 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентіне

және зиянды заттарды пайдалануды шектеу бойынша ЕО Директивасына (2011/65/EU) сәйкес келеді. Онда директивада және регламентте көрсетілген зиянды және тыйым салынған материалдар жоқ.


2 Кір жуғыш машинаның сипаттамасы

2.1. Жалпы түрі

- 1- Қуаттандыру бауы
- 2- Жоғарғы тақта
- 3- Басқару тақтасы
- 4- Ағызу шлангысы
- 5- Жүктеу люгінің есікшесі
- 6- Сүзгі қақпағы
- 7- Реттелетін аяқшалар
- 8- Жуу құралдарын таратқыш



2.2. Қаптаманың ішіндегісі



- 1 - Ағызу шлангысы
- 2 - Қуаттандыру бауы
- 3 - Тасымалдау сақтандырғыш бұрандалары *
- 4 - Су құбыры суын беретін шланг (сүзгілердің келесі түрлерінің бірі су құбыры суын беретін шлангыны қосу үшін пайдаланылады.)
 - a - Суды электрондық жабу
 - b - Суды механикалық жабу
 - c - Стандарт
- 5 - Пайдалану бойынша нұсқаулық
- 6 - Пластмассалы бітеуіш торабы

*Машина моделіне байланысты тасымалдау сақтандырғыш бұрандалар саны әр түрлі болуы мүмкін.






Бұйымның жетілдірілуіне байланысты техникалық сипаттамалар алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

2 Кір жуғыш машинаның сипаттамасы

2.3. Техникалық сипаттамалары

| Моделі | B3WFR57H2A | B3WFR57H2W |
|---|---------------|---------------|
| Құрғақ киім-кешектің макс. жүктелімі (кг) | 7,5 | 7,5 |
| Биіктігі (см) | 84.5 | 84.5 |
| Ені (см) | 60 | 60 |
| Тереңдігі (см) | 49.6 | 49.6 |
| Салмағы нетто (±4 кг) | 62 | 62 |
| Электр қуаттандыруы (В/Гц) | 230 V / 50 Hz | 230 V / 50 Hz |
| Ток (А) | 10 | 10 |
| Тұтыну қуаты (Вт) | 2200 | 2200 |
| Сығудың макс. жылдамдығы (мин./айнал.) | 1200 | 1200 |
| Күту режиміндегі энергия тұтынуы (Вт) | 1.00 | 1.00 |
| Өшірілген күйдегі энергия тұтынуы (Вт) | 0.25 | 0.25 |
| Энергетикалық тиімділік сыныбы | A | A |

| | |
|---|--|
|  | Осы нұсқаулықтағы суреттер сұлбалық сипатқа ие және нақты бұйымға толық сәйкес келмеуі мүмкін. |
|  | Бұйымның заттаңбасында және ілеспе құжаттамада көрсетілген деректер тиісті стандарттарға сәйкес зертханалық жағдайларда алынған. Бұл деректер бұйымның пайдалану шарттарына байланысты өзгеше болуы мүмкін. |
|  | Кір жуғыш машина санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге (тауарларға) қойылатын Бірыңғай санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға, соның ішінде келесі критерийлерге сәйкес: - максималды дыбыс деңгейі - 75 дБа артық емес; - дiрiл үдеуiнiң түзетiлген деңгейi - 80 дБ артық емес. |

3 Орнату

Бұйымды орнату үшін жақын жердегі сервис орталығына жүгініңіз. Сервис орталығына жүгінбес бұрын пайдалану нұсқаулығымен танысып, бұйымның электр желісіне, су құбырына және кәрізге қосу мүмкіндігін тексеріңіз. Қажет болған жағдайда қажетті дайындық жұмыстарын орындау үшін білікті электрлікке немесе сантехникке жүгініңіз.

| | |
|---|--|
|  | Бұйымды орнату үшін орын дайындау, оның ішінде электр желісін, су құбыры мен кәрізді бұйымды қосуға дайындау сатып алушының міндеті болып табылады. |
|  | ЕСКЕРТУ: Бұйымды орнатуды және оны электр желісіне қосуды фирмалық сервис орталығының мамандары орындауы тиіс. Дайындаушы-компания оған құқығы жоқ тұлғалардың жұмыстарды орындау нәтижесінде туындаған залал үшін жауап бермейді. |
|  | ЕСКЕРТУ: Орнату алдында бұйымды ақаулардың болуына қатысты тексеру қажет. Егер ондайлар бар болса, өнімді орнатпаңыз. Зақымданған бұйымдар жазатайым оқиғаға себеп болуы мүмкін. |
|  | Бұйымды орнату немесе тазалау кезінде жылжыту кезінде электр қуаттандыру бауының, құю және ағызу шлангыларының майысуына, қысылуына немесе зақымдануына жол бермеңіз. |


3.1. Кезең-кезеңмен орнату

1-Қадам. Орнату орнын таңдау


- Оңтайлы өнімділік үшін машинаны қатты еденге орнату керек. Аспапты ұзын түкті кілем жабынына немесе ұқсас беттерге орнатпаңыз.
- Ағаш едендерді діріл деңгейін және/немесе біркелкі емес жүктемелену мүмкіндігін төмендету үшін бекіту қажет болуы мүмкін. Кілем жабындары мен кафель едендері дірілге төзімді емес, және кір жуғыш машина сығу кезінде біршама жылжуы мүмкін.

- Кептіргіш автоматын кір жуғыш машинаға орнатқан жағдайда толық жүктеу кезінде аспаптың жалпы салмағы шамамен 180 кг-ды құрайды, сондықтан оларды тек осындай жүктемеге төзімді тегіс қатты еденге ғана орнату керек.
- Аспапты қуаттандыру бауының үстіне қоймаңыз.
- Аспапты температура 0°C-ден төмен түсуі мүмкін үй-жайларға орнатпаңыз. Аспап тікелей күн сәулесі әсерінен қорғалуы қажет.
- Аспап пен басқа жиһаздың арасында кемінде 1 см саңылау қалуы тиіс.


2-Қадам. Қаптама материалдарын жою

| | |
|---|--|
|  | ЕСКЕРТУ: Қаптама материалдары балаларға қауіп төндіруі мүмкін. Барлық қаптама материалдарын (пластикалық және полистирол пакеттері мен т.б.) балалардың қолы жетпейтін орынға орналастырып кәдеге жаратыңыз. |
|---|--|

3-Қадам. Тасымалдау бекітпелерін жою

| | |
|---|--|
|  | ЕСКЕРТУ: Қаптама материалдарын жоймағанша, тасымалдау бекітпелерін шешіп алмаңыз. |
|---|--|

1. Бұрандаларды гайка кілтімен босатыңыз, олар бос айналатындай болуы қажет.
2. Пластмасса төлкелері бар қауіпсіздік транзиттік болттарды абайлап бұрап алыңыз және алыңыз.
3. Артқы қабырғадағы саңылауларды нұсқаулықпен бірге қапшықта орналасқан пластикалық тығындармен жабыңыз.



ЕСКЕРТУ: Кір жуғыш машинаны пайдаланар алдында тасымалдау бұрандаларын шығарыңыз! Бұл шартты орындамау машинаның сынуына әкеп соғады.



3 Орнату



Егер кір жуғыш машинаны тасымалдау қажет болса, сақтандырғыш бұрандаларын сақтап қойыңыз.


Егер сақтандырғыш тасымалдау бұрандалары орнатылмаса, бұйымды тасымалдауға тыйым салынады.

4-Қадам. Аяқшаларын реттеу



ЕСКЕРТУ: Кір жуғыш машина тыныш және дірілсіз жұмыс істеуі үшін, ол түзу және орнықты тұруы қажет. Аяқшалардың биіктігін реттеп, машинаны түзетіңіз. Егер мұны жасамаса, машина өз орнынан жылжып кетуі мүмкін, бұл жоғары діріл мен зақымдарға әкеледі.


1. Қолмен аяқшалардағы контргайкаларды босатыңыз.



2. Машина түзу және орнықты тұруы үшін аяқшалар биіктігін реттеңіз.



3. Содан кейін қолмен барлық контргайкаларды тартыңыз.



ЕСКЕРТУ: Контргайкаларды босатқанда оларды зақымдамау үшін, қандай да бір саймандарды қолданбаңыз.

5-Қадам. Суқұбырына қосу



Машинаның қалыпты жұмыс істеуі үшін су беру жүйесіндегі қысым 1-ден 10 бар (0,1-1 МПа) шегінде болуы тиіс. Бұл ретте толық ашық кран жағдайында су шығыны минутына 10-80 литр суды құрайды. Егер су құбырында қысым біршама жоғары болса, редукциялық клапан орнату қажет.


Егер екі су қабылдағыш келтеқұбыры бар бұйымды бір су (суық) келтірімі бар бұйым ретінде пайдалану ұйғарылса, ыстық су қабылдағыш клапанына тығын орнату керек (бұл тығын жинақталымына кіретін бұйымдарға қатысты).



ЕСКЕРТУ: Бір су беру келтеқұбыры бар модельдерді ыстық су кранына қосуға болмайды. Бұл жағдайда киім-кешек бұзылады, немесе қорғаныс жүйесі іске қосылады және машина жұмысын тоқтатады.

ЕСКЕРТУ: Жаңа кір жуғыш машина үшін бұрын пайдаланылған құю шлангілерін пайдаланбаңыз. Бұл киім-кешекте дақтардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

1. Барлық гайкаларды қолмен тартыңыз. Гайкаларды тарту үшін гайка кілтін пайдаланбаңыз.



2. Шлангыларды қосқаннан кейін ағатын жерлерді тексеру үшін крандарды толығымен ашыңыз. Ағып кету жағдайында кранды жабыңыз және гайканы бұрап шешіп алыңыз. Төсемді тексеріңіз және гайканы тағы бір рет мұқият тартыңыз. Мүмкін болатын ағып кетулерді және осыған байланысты залалдарды болдырмау үшін, машина пайдаланылмаған кезде, крандарды жабыңыз.


6-Қадам. Суды ағызу

• Ағызу шлангысының ұшын тікелей кәрізге қосу керек немесе раковинаға шығару керек.



ЕСКЕРТУ: Егер ағызу кезінде шланг қосылған жерден жұлынып қалса, су бүкіл үйге ағып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, күйік қаупі бар, себебі су температурасы өте жоғары болуы мүмкін! Мұндай жағдайларды болдырмау үшін, сондай-ақ суды беру және ағызу жүйелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін ағызу шлангының ұшын сенімді бекітіңіз.

• Шлангіні 40 см-ден 100 см-ге дейінгі биіктікке бекіту қажет. Егер шлангыны еден деңгейінен 40 см-ден кем биіктікте салып, кейіннен көтеру керек болса, суды ағызу қиын болады, және киім-кешек дымқыл болып қалады. Сондықтан суретте көрсетілген биіктіктің параметрлерін сақтау керек.



3 Орнату

- Кір жуғыш машинаға кір судың түсуін болдырмау үшін және шлангының ұшын кедергісіз ағызуды қамтамасыз ету үшін ағызу тесігіне 15 см-ден тереңірек батырылмаған жөн. Егер шлангы тым ұзын болса, оны кесіп тастау керек.
- Ағызу шлангысының майысусыз салынуын және ештеңемен қысылмауын, ал ағызу шлангысының соңы бұралмауын қадағалаңыз.
- Егер шлангы тым қысқа болса, оны фирмалық ұзартқыш шлангымен ұзартыңыз. Шлангының жалпы ұзындығы 3,2 м-ден аспауы тиіс. Судың ағып кетуін болдырмау үшін ағызу шлангысы мен ұзартқыш шлангыны жалғау үшін тиісті қамытты қолдану қажет.

7-Қадам. Электр желісіне қосу

Бұл құрылғыны 16 А сақтандырғышпен қорғалған, жерге қосылған розеткаға қосу керек. Жергілікті ережелерге сәйкес орындалған жерге қосу болмаған жағдайда, дайындаушы-компания залалды өтеу бойынша кез келген жауапкершіліктен бас тартады.

- Қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Аспапты қуаттандыру бауын электр желісіне қосу орны оңай қолжетімді болғанай етіп орнату қажет.
- Егер сіздің үйіңізде 16 А-ден аз токқа есептелген сақтандырғыш немесе автоматты ажыратқыш орнатылған болса, 16 А сақтандырғышты орнату үшін білікті электрикке жүгініңіз.
- Желідегі кернеу «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген кернеуге сәйкес болуы тиіс.
- Өнімді ұзартқыштар немесе бірнеше ұяшығы бар розеткалар арқылы электр қуаттандыру желісіне қосуға тыйым салынады.



ЕСКЕРТУ: Бүлінген қуаттандыру бауын тек фирмалық сервис орталығының маманы ғана ауыстыруы керек.

3.2. Бұйымды тасымалдау

1. Тасымалдау алдында бұйымды электр желісінен ажыратыңыз.
2. Құю және ағызу шлангыларын ажыратыңыз.
3. Құрылғыда қалған суды төгіңіз. 6.5. қараңыз
4. Тасымалдау бұрандаларын оларды шешіп алуына кері ретпен орнатыңыз 3 қар. (3-қадам).







































Егер сақтандырғыш тасымалдау бұрандалары орнатылмаса, бұйымды тасымалдауға тыйым салынады.

4 Кір жууға дайында

4.1. Киім-кешекті сұрыптау

- Киім-кешекті матаның түрі, түсі, ластану дәрежесі және жуудың рұқсат етілген температурасы бойынша сұрыптаңыз.
- Киім мен киім-кешектің жапсырмаларындағы нұсқауларды орындаңыз.

| КИІМ-КЕШЕКТІ ЖУУ ТАҒБА | | | | | | | | | | | | |
|---|--|---|---|--|--|--|--|---|--|--|---|---|
|  Кір Жуу |  Машинамен кір жуу таңбалары |  Әдеттегі кір жуу |  Үтіктеусіз | | |  Нәзік кір жуу | | |  Қолмен кір жуу | |  Жууға жараммайды |  Сығусыз |
| | Температурасы | Максимум | 95°C | 70°C | 60°C | 50°C | 40°C | 30°C | | | | |
| | Таңба(лар) | ••• | •• | • | ••• | •• | • | | | | | |
|  Келтіру | Келтіруді баптау |  Келтірігіш машинада келтіруге болады |  Үтіктеусіз | | |  Нәзік келтіру | |  Келтірігіш машинада келтірмеңіз | |  Келтірмеңіз | |  Химиялық тазалауға тыйым салынған |
| |  Кез келген температурада |  Жоғары температурада |  Орташа температурада |  Төмен температурада |  Қыздырусыз |  Келтіру үшін іліп қойыңыз |  Келтіру үшін жайып қойыңыз |  Келтіру үшін дымқыл күйінде іліп қойыңыз |  Келтіру үшін келенкеге жайып қойыңыз |  Химиялық тазалауға рұқсат етілген | | |
|  Үтіктеу | Үтіктеу - |  Жоғары температурада үтіктеу | | |  Орташа температурада үтіктеу | |  Төмен температурада үтіктеу | |  Үтіктемеу | |  Бусыз үтіктеу | |
| | Құрғақ үтікпен немесе бумен | 200°C | | | 150°C | | 110°C | | | | | |
| | Максималды температура | 200°C | | | 150°C | | 110°C | | | | | |
|  Ағартқыш |  Барлық ағартқыштар жарамды | | | |  Ағартқышты қолдануға болады (Натрий гипохлорит) | |  Ағартуға болмайды | |  Құрамында хлоры жоқ ағартқыштарды ғана пайдалануға жол беріледі | | | |

4.2. Киім-кешекті жууға дайындау

- Металл элементтері бар киім-кешекті (мысалы, сүйектері бар бюстгальтерлер, қапсырмалы белдіктер мен металл түймелер) машинаны зақымдауы мүмкін. Жуар алдында металл бөлшектерді шешіп алыңыз немесе киім-кешекті торлы қапшыққа немесе жастықтың тысына салыңыз.
- Қалталардан барлық заттарды (монеталар, қаламдар, қыстырғыштар және т.б.) алып, оларды тексеріп, тазалаңыз. Бөгде заттардың болуы машинаның зақымдануына әкелуі немесе жұмыс кезінде қатты шу тудыруы мүмкін.
- Ұсақ заттарды (балалар шұлықтарды, нейлон шұлықтарды және т.б.) торлы қапшыққа немесе жастықтың тысына салыңыз.
- Гардндерді барабанға жазылған күйінде салу керек. Жуар алдында олардан бекітпелерді алып тастаңыз.
- Жүгіртпесін жауп қойыңыз, босап қалған түймелерді тігіп қойыңыз, жыртқытарды жамаңыз және сөгілгендерді тігіп қойыңыз.
- «Машинамен кір жуу» немесе «қолмен кір жуу» заттаңбасы бар бұйымдарды жуу үшін тек тиісті бағдарламаларды пайдаланыңыз.
- Түрлі-түсті және ақ киім-кешектерді бірге жумаңыз. Жаңа түрлі-түсті киім-кешек қатты өңуі мүмкін. Оны бөлек жуыңыз.
- Жуу алдында қатты ластанған жерлер мен дақтарды тиісті түрде өңдеу қажет. Күмәнданған жағдайда химиялық тазартуға жүгініңіз.
- Бояуға немесе түстерді қалпына келтіруге арналған құралдарды және машинамен жууға жарайтын жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз. Қаптамадағы нұсқаулықтарды міндетті түрде орындаңыз.
- Шалбар мен жұқа іш киімдерді ішін сыртқа аударып жуыңыз.
- Ангор жүнінен жасалған бұйымдарды жуу алдында бірнеше сағатқа мұздатқыш камераға салып қойыңыз. Бұл жүннің жабағылануын азайтады.
- Үнмен, әкпен, құрғақ сүтпен және т.б. қатты ластанған киім-кешекті машинаға жүктер алдында қағу керек. Мұндай түрдегі ластанулар уақыт өте келе машинаның ішкі компоненттерінде жиналып қалуы мүмкін және оның зақымдануына себеп болады.

4 Кір жууға дайындау

4.3. Электр энергиясын үнемдеу бойынша ұсыныстар



Бұл ұсыныстар қоршаған ортаны ластамай үнемді кір жууға көмектеседі.

- Таңдалған бағдарлама бойынша максималды киім-кешекті машинаға жүктеңіз, бірақ машинаны артық жүктемеңіз (қара. «Энергияны тұтыну және бағдарламаларды таңдау кестесі» қара.).
- Жуу құралының қаптамасында келтірілген нұсқаулықтарды қатаң сақтаңыз.
- Аз ластанған киім-кешекті төмен температурада жуыңыз.
- Аз мөлшерде кір жуу үшін қысқа бағдарламаларды пайдаланыңыз.
- Жоғары температурада тек қатты ластанған киім-кешекті немесе дақтары бар киім-кешекті жуу және жібіту үшін пайдаланыңыз.
- Егер сіз кептіргіш автоматында киім-кешекті кептіруді жоспарласаңыз, сығудың максималды жылдамдығын орнатыңыз.
- Қаптамада көрсетілген жуу құралының мөлшері бойынша нұсқауларды сақтаңыз. Қажетінен артық ұнтақты пайдаланбаңыз.

4.4. Алғаш рет қосу

Бұйымды пайдалануды бастамас бұрын «Орнату» және «Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі маңызды нұсқаулықтар» бөлімдерінде сипатталған барлық қажетті дайындық процедураларын орындаңыз.


Кір жуғыш машинаны кір жууға дайындау үшін «Барабанды тазалау» бағдарламасын іске қосыңыз. Егер машинада мұндай бағдарлама жоқ болса, 6.2-тармағында сипатталған әдісті қолданыңыз.

| | |
|---|---|
|  | Кір жуғыш машиналарға арналған жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз. |
|  | Кір жуатын машинада дайындаушы-кәсіпорында сапаны бақылау процесінде пайдаланылған біраз су қалуы мүмкін. Бұл машина үшін қауіп тудырмайды. |

4.5. Жүктеудің дұрыс көлемі

Жүктеудің максималды көлемі киім-кешектің түріне, ластану дәрежесіне және қолданылатын жуу бағдарламасына байланысты.

Машина автоматты түрде жүктелген киім-кешектің салмағына сәйкес су көлемін реттейді.

| | |
|---|---|
|  | ЕСКЕРТУ: «Бағдарламаларды таңдау және энергияны тұтыну кестесінде» келтірілген мөлшерді пайдаланыңыз. Жүктеудің рұқсат етілген көлемінің артуы жуу сапасының нашарлауына, сондай-ақ машинаның жұмыс істеуі кезінде жоғары діріл мен шуылға алып келеді. |
|---|---|



| Киім-кешектің түрі | Құрғақ салмақ (г) |
|----------------------------|-------------------|
| Шомылу халаты | 1200 |
| Майлықтар | 100 |
| Көрпе тысы | 700 |
| Ақжайма | 500 |
| Жастық тысы | 200 |
| Дастарқан | 250 |
| Сүлгі | 200 |
| Қолға арналған сүлгі | 100 |
| Кешкі көйлек | 200 |
| Іш киім | 100 |
| Ерлердің жұмыс комбинезоны | 600 |
| Ерлерге арналған көйлек | 200 |
| Ерлерге арналған пижама | 500 |
| Блузалар | 100 |

4.6. Киім-кешекті жүктеу


1. Жүктеу люгінің есікшесін ашыңыз.

2. Киім-кешекті түзеп, оны сықпай машинаға жүктеңіз.

3. Есікті жабыңыз және құлыптың сыртылы естілгендей етіп басыңыз. Киім-кешек есікшеге қыстырылып қалмауын қадағалаңыз.

| | |
|---|---|
|  | Бағдарламаны орындау кезінде жүктеу люгінің есігі бұғатталады. Есікті бағдарлама аяқталғаннан кейін біраз уақыт өткеннен кейін ғана ашуға болады. |
|  | ЕСКЕРТУ: Егер киім-кешек барабанға дұрыс таратылып салынбаса, бұл машина жұмыс істеп тұрғанда жоғары діріл мен шу тудыруы мүмкін. |

4.7. Жуу құралы мен кондиционерді пайдалану



| | |
|---|---|
|  | Жуу құралын, кондиционерді, крахмалды, маталарға арналған бояғышты, ағартқышты немесе әктаc қағын кетіретін құралды пайдаланған кезде, жуу құралын қолдану және мөлшерлеу жөніндегі дайындаушының нұсқаулықтарын қатаң орындаңыз. |
|---|---|

Жуу құралдарын таратқыш

Жуу құралдарын таратқыштың үш бөлімшесі бар:

- (1) жібіту үшін
- (2) негізгі кір жуу үшін
- (3) кондиционер үшін
- (4) сонымен қатар, кондиционерге арналған бөлімшеде сифон бар.
- (5) негізгі жуу бөлімінде сұйық жуғыш заттарды қолдануға арналған қақпақ бар

4 Кір жууға дайында




Жуу бағдарламасын орындау кезінде жуу құралдарын таратқышты ашық қалдырмаңыз!

«1» бөлімі – сулау үшін:

- Жібіту бағдарламасын пайдаланғанда, жібіту бөлімшесіне жуу құралдарын («1» бөлімшесі) жүктемеңіз.
- «1» бөлімінде сұйық немесе таблеткадағы жуғыш заттарды қолданбаңыз.
- Жуу құралы арнайы қапшықта немесе үлестіргіш шаригінде пайдаланылса, жібіту бағдарламасын таңдамаңыз. Арнайы қапшықтағы жуу құралын немесе үлестіргіш шарикті машина барабанындағы киім-кешектің арасына салыңыз.

«2» бөлімі - негізгі жууға арналған:

- Жуу бағдарламасын бастамас бұрын жуғыш затты «2» бөліміне салыңыз.
- Егер сіз сұйық жуғыш затты қолданғыңыз келсе, ысырмадағы ілмекті басып, оны төменге қойыңыз. Төменгі позицияда қақпақ сұйық жуғыш затқа кедергі болады. Егер сіз кір жуғыш ұнтақты қолдансаңыз, қақпақты жоғарғы позицияға қою керек (ашық). Қақпақты қажет болған жағдайда сумен шайыңыз.



Қақпақты қажет болған жағдайда сумен шайыңыз.

Кешіктіріп бастау кезінде сұйық жуғыш заттар кірде дақ қалдыруы мүмкін. Кешіктіріп бастау функциясы пайдаланылса, сұйық жуғыш заттарды қолданбау керек.

«3» бөлімі - кондиционер үшін:

- Кондиционерді жуу құралдарын тарататын тиісті бөлімшесіне жүктеу керек.
- Кондиционерді тарату бөлімшесіне максималды деңгей белгісінен (> max <) жоғары қоспаңыз.
- Егер кондиционер ағуы жойылса, таратқышқа қосар алдында оны сумен араластырыңыз.

Жуу құралын таңдау

Жуу құралының түрін таңдау матаның түрі мен түсіне байланысты.

- Түрлі-түсті және ақ киім-кешек үшін әр түрлі жуғыш заттарды пайдалану керек.
- Ұқыпты қарауды талап ететін киім-кешек үшін тек арнайы жуу құралдарын (сұйық құралдар, жүн және т.б. арналған құралдар) пайдалану керек.
- Қара маталардан жасалған бұйымдар мен құрақ көрпелерді жуу үшін сұйық жуу құралдарын пайдалану ұсынылады.
- Жүн бұйымдарын жуу үшін арнайы жүнге арналған жуу құралдарын пайдалану керек.



ЕСКЕРТУ: Кір жуатын машиналарға арналған жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ: Сабын ұнтағын пайдаланбаңыз.

Жуу құралдарын мөлшерлеуі

Жуу құралын мөлшерлеу киім-кешектің санына, судың ластану дәрежесі мен кермектілігіне байланысты.

- Көбіктің аса көп пайда болуын, сапасыз шаюды болдырмау үшін, сондай-ақ құралдарды үнемдеу үшін және, сайып келгенде, қоршаған ортаны қорғау үшін жуу құралының қаптамасында ұсынылған мөлшерден аспаңыз.
- Аз мөлшердегі онша ластанбаған киім-кешекті жуу үшін жуу құралының аз мөлшерін пайдаланыңыз.

Капсулдағы және таблетка түріндегі жуу құралдары

- Жуғыш затты капсулада қолдансаңыз, жуу алдында оны тікелей барабанға салыңыз.
- Таблеткадағы жуу құралдарын жуу құралдарын («2» бөлімі) таратқышқа, сондай-ақ кір жуу алдында тікелей барабанға салуға да болады.



Таблеткадағы жуу құралдарын пайдалану кезінде таратқыш бөлімшесінде жуу құралының біраз мөлшері қалуы мүмкін. Мұндай жуу құралын кір жуу алдында киім-кешек арасына барабанға (барабанның төменгі бөлігіне) салған жақсырақ болады.

Крахмалды қолдану

- Сұйық крахмалды, ұнтақ тәрізді крахмалды немесе матаға арналған бояғышты кондиционердің бөлімшесіне қосу керек.
- Кондиционерді және крахмалды бір уақытта пайдаланбаңыз.
- Крахмалды қолданғаннан кейін барабанды таза дымқыл матамен сүртіп алыңыз.

Ағартқышты қолдану

- Жібіту бағдарламасын таңдап, жібіту циклының басында ағартқышты қосыңыз. Жуу құралын жібіту бөліміне жүктеуге болмайды. Сондай-ақ, шаюдың қосымша

4 Кір жууға дайындау

циклы бар бағдарламаны таңдауға және шаюдың бірінші циклы үшін машина су алған кезде негізгі жууға арналған бөлімшеге ағартқышты жүктеуге болады.


- Ағартқышты жуу құралымен араластырмаңыз.
- Ағартқыштың аз мөлшерін пайдаланыңыз (шамамен 50 мл) және киім-кешекті мұқият шайыңыз, өйткені ағартқыш терінің тітіркенуін тудыруы мүмкін. Ағартқышты киім-кешекке құймаңыз және оны түрлі-түсті киім-кешекті жуу кезінде пайдаланбаңыз.
- Оттекті ағартқышты пайдалану кезінде төмен температурадағы бағдарламаны таңдаңыз.
- Оттекті ағартқыштарды жуу құралымен бірге пайдалануға болады. Алайда, егер олар консистенциясы бойынша өзгеше болса, алдымен «2» бөліміне жуу құралыні ағартқыштарды жуу құралымен бірге пайдалануға болады. Алайда, егер олар консистенциясы бойынша өзгеше болса, алдымен «2» бөлім.

4.8. Тиімді жууға арналған кеңестер

| | | Киім-кешек | | | |
|--|---|---|--|---|--|
| | | Ашық және ақ | Түрлі-түсті маталар | Қара | Нәзік / жүн / жібек бұйымдары |
| Ұсынылатын температура диапазоны: | | 40–90 °C | Суық су – 40°C | Суық су – 40°C | Суық су – 30°C |
| Ластану дәрежесі | Елеулі ластану (Қиын кететін дақтар, мысалы, шөптің, кофенің, жемістер мен қанның) | Дақтарды алдын ала өңдеу немесе жуу қажеттілігі туындауы мүмкін. Ақ киімді жууға ұсынылатын ұнтақ тәрізді және сұйық жуу құралдарын қатты ластанған заттарды жууға қолайлы мөлшерлерде пайдалануға болады. Ұнтақ тәрізді жуу құралдары саз бен жерің дақтарын, сондай-ақ ағартқыштарға сезімтал дақтарды кетіру үшін пайдалану ұсынылады. | Түрлі-түсті киім-кешекті жууға ұсынылатын ұнтақ тәрізді және сұйық жуу құралдары едәуір ластанған заттарды жууға арналған мөлшерде қолдануға болады. Ұнтақ тәрізді жуу құралдарын саз бен жердің дақтарын, сондай-ақ ағартқыштарға сезімтал дақтарды кетіру үшін пайдалану ұсынылады. Құрамында ағартқышы жоқ жуу құралдарын пайдаланыңыз. | Түсті және қою түсті кірлерді жууға ұсынылатын сұйық жуғыш заттарды дақтардың осы түріне сәйкес мөлшерлерде пайдалануға болады. | Нәзік заттарды жуу үшін сұйық жуу құралдарын таңдауға басымдық беріңіз. Жүн және жібек заттарды жүн бұйымдарын жууға арналған арнайы жуу құралдарымен жуу керек. |
| | Орташа ластану (Мысалы, жағалар мен жеңдерде терімен жанасудан пайда болған дақтар) Елеусіз ластану (Көзге көрінетін дақсыз) | Ақ кірді жууға ұсынылатын ұнтақ және сұйық жуғыш заттарды орташа және аз ластанған заттарды жууға жарамды мөлшерлерде пайдалануға болады. | Түсті кірлерді жууға ұсынылатын ұнтақ және сұйық жуғыш заттарды орташа және аз ластанған заттарды жууға жарамды мөлшерлерде пайдалануға болады. Құрамында ағартқышы жоқ жуғыш заттарды қолданыңыз. | | |

5 Машинаны пайдалану


5.1. Басқару панелі



1. Бағдарламаларды таңдау тұтқасы
2. Жарықтық температура таңдау индикаторлары
3. Сығу жылдамдығын таңдаудың жарықтық индикаторлары
4. Дисплей
5. Бастау/Кідіріс» батырмасы

6. Қашықтан басқару батырмасы
7. «Кейінге қалдырылған старт» батырмасы
8. 3 қосымша функция батырмасы
9. 2 қосымша функция батырмасы
10. 1 қосымша функция батырмасы
11. Сығу жылдамдығын таңдау батырмасы
12. Температураны таңдау батырмасы

5.1.1. Құрылғы дисплейіндегі



- a. Температура индикаторы
- b. Сығу жылдамдығы индикаторы
- c. Уақыт индикаторы
- d. Есікті қосулы бұғаттау таңбасы
- e. Бағдарламаны орындау барысы индикаторы
- f. Судың болмауы туралы индикатор
- g. Киім-кешекті қосу индикаторы
- h. Bluetooth-қосылыс индикаторы
- i. Қашықтан басқару индикаторы

- j. Кейінге қалдырылған бастаудың индикаторы
- k. 3 қосымша функция индикаторлары
- l. Балалардан қосулы бұғаттау таңбасы
- m. 2 қосымша функция индикаторлары
- n. 1 қосымша функция индикаторлары
- o. Сығусыз режим индикаторы
- p. Шаю кідірісі индикаторы
- r. Салқын су индикаторы



Бұл бөлімде машинаны анағұрлым көрнекі сипаттау үшін пайдаланылған суреттер сұлбалық сипатқа ие және сіздің машинаңыздың функцияларына дәлме-дәл сәйкес келмеуі мүмкін.

5 Машинаны пайдалану

5.2. Кір жуғыш машинаны дайындау

1. Құбыршектердің сенімді жалғанғанын тексеріңіз.
2. Машинаны электр желісіне қосыңыз.
3. Краңды толық ашыңыз.
4. Кірді машинаға салыңыз.
5. Жуғыш зат пен кондиционерді қосыңыз.

5.3. Бағдарламаларды таңдау және тиімді жуу бойынша кеңестер

1. Кірдің түріне, оның мөлшеріне, ластану дәрежесіне және жуу температурасына сәйкес «Бағдарламалар және энергияны тұтынуды таңдау кестесінен» бағдарламаны таңдаңыз.
2. Бағдарламаны таңдау тұтқасын пайдаланып қажетті бағдарламаны таңдаңыз.

| Синтетика бағдарламалары үшін бағдарлы мәндер | | | | | | |
|---|-------------------------|---------------|----------------------------|---------------------------------|---------------------------|---------------------------|
| | Максималды жүктеме (кг) | Су шығыны (л) | Энергияны тұтыну (кВт/сағ) | Бағдарлама ұзақтығы (минималды) | Қалдық ылғалдылығы (%) ** | Қалдық ылғалдылығы (%) ** |
| Синтетика 60 | 3 | 65 | 1.20 | 100/120 | ≤1000 | >1000 |
| Синтетика 40 | 3 | 63 | 0.85 | 90/110 | 45 | 40 |

*Таңдалған бағдарламаның орындалу уақыты машина дисплейінде көрсетіледі. Нақты жуу уақыты дисплейдегі мәннен сәл өзгеше болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

**Сығудан кейінгі ылғалдылық таңдалған айналу жылдамдығына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

5.4. Көрсетілген бағдарлама ұзақтығы

Бағдарламаның ұзақтығын бағдарламаны таңдаған кезде кір жуғыш машинаның дисплейінен көруге болады. Машинаға салынған кірдің мөлшеріне, көбік түзілуіне, теңгерілмеген жүктеме жағдайларына, қуат ауытқуларына, су қысымына және бағдарлама параметрлеріне байланысты бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде бағдарлама ұзақтығы автоматты түрде реттеледі.

ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙ: Мақта және Мақта Эко бағдарламалары іске қосылғанда, дисплейде жартылай жүктеу ұзақтығы көрсетіледі. Бұл ең көп қолданылатын жағдай. Бағдарламаны іске қосқаннан кейін 20-25 минуттан кейін машина нақты жүктемені анықтайды. Ал егер анықталған жүктеме жүктеменің жартысынан асып кетсе, жуу бағдарламасы сәйкесінше реттеледі және бағдарламаның ұзақтығы автоматты түрде артады. Бұл өзгерісті дисплейде бақылай аласыз.

5 Машинаны пайдалану

5.5. Бағдарламаны және электр тұтынуды таңдау кестесі


| Бағдарлама | | Қосымша функциялар | | | | | Қосымша функциялар | | | | |
|-------------------------|------------|-------------------------|---------------|----------------------------|---|--------|--------------------|----------------------------|----|--------------|--|
| | | Максималды жүктеме (кг) | Су шығыны (л) | Энергияны тұтыну (кВт/сағ) | Сығудың максималды жылдамдығы (айн/мин) | Жібiту | Жылдам жуу | Үй жануарларының жүнін жою | Бу | Оңай үлiктеу | |
| Мақта | 90 дейін | 7,5 | 94 | 2,30 | 1200 | • | • | • | • | • | |
| Мақта | 60 дейін | 7,5 | 94 | 1,70 | 1200 | • | • | • | • | • | |
| Мақта | 40 дейін | 7,5 | 92 | 0,95 | 1200 | • | • | • | • | • | |
| Мақта Эко | 60** дейін | 7,5 | 60 | 1,125 | 1200 | | | | | | |
| Синтетика | 60 дейін | 3 | 65 | 1,20 | 1200 | • | • | • | • | • | |
| Синтетика | 40 дейін | 3 | 63 | 0,85 | 1200 | • | • | • | • | • | |
| Экспресс | 90 дейін | 7,5 | 66 | 2,15 | 1200 | | • | | • | • | |
| Экспресс | 60 дейін | 7,5 | 66 | 1,15 | 1200 | | • | | • | • | |
| Экспресс | 30 дейін | 7,5 | 66 | 0,20 | 1200 | | • | | • | • | |
| Экспресс + Жылдам жуу | 30 дейін | 2 | 39 | 0,15 | 1200 | | • | | • | • | |
| Жүн / Қолмен жуу | 40 дейін | 1,5 | 53 | 0,50 | 1200 | | | | | | |
| Қамқорлы | 40 дейін | 3 | 53 | 0,70 | 800 | | | | | | |
| Мамық | 60 дейін | 1,5 | 75 | 1,20 | 1000 | | | | • | | |
| Спорт / Мембрана | 40 дейін | 3 | 51 | 0,45 | 1200 | • | | | | | |
| Қара киімдер / Джинсы | 40 дейін | 3 | 75 | 0,80 | 1200 | • | • | • | • | • | |
| Дақтарды кетiру | 60 дейін | 3,5 | 75 | 1,55 | 1200 | • | • | | | | |
| Жейделер | 60 дейін | 3 | 57 | 1,20 | 800 | • | • | • | • | • | |
| Анти-аллергия | 90 дейін | 7,5 | 120 | 2,80 | 1200 | | | | | * | |
| Барабанды тазарту | 90 дейін | - | 73 | 2,60 | 600 | | | | | * | |
| Жүктелген бағдарлама*** | | | | | | | | | | | |
| Микс | 40 дейін | 3 | 68 | 0,75 | 800 | • | • | | • | • | |
| Іш-киім | 30 дейін | 1 | 70 | 0,30 | 600 | | | | | | |
| Жұмсақ ойыншықтар | 40 дейін | 1 | 53 | 0,50 | 600 | | | | | | |
| Орамалдар | 60 дейін | 2 | 75 | 1,20 | 1000 | | | | • | | |
| Перделер | 40 дейін | 2 | 86 | 0,65 | 800 | • | | | | | |

• : Таңдау мүмкіндігі.

* : Таңдау автоматты түрде жүзеге асырылады, оны болдырмауға болмайды.

** : Бұл бағдарлама барабан толық жүктелгенде және максималды айналымда EN 60456 стандартына сәйкес эталондық бағдарлама болып табылады.

*** : Бұл бағдарламаларды HomeWhiz қосымшасы арқылы пайдалануға болады.

| | |
|---|--|
|  | Электр энергиясын үнемдеу мақсатында жуудың нақты температурасы бағдарламалар кестесінде көрсетілгеннен төмен болуы мүмкін. |
| | Су мен электр энергиясын және уақытты тұтынудың нақты мәндері судың қысымына, температурасы мен кермектілігіне, қоршаған ортаның температурасына, кірдің түрі мен мөлшеріне, қосымша атқарымдарды қолдануға және сығу жылдамдығына, сондай-ақ электрмен жабдықтау желісіндегі кернеуге байланысты кестеде көрсетілгеннен ерекшеленуі мүмкін. |
| | Машинаға салынған кірдің мөлшеріне байланысты бағдарламада көрсетілген орындау уақыты мен жұмсалуды кестесі және жуу ұзақтығының нақты уақыты арасында 1-1,5 сағаттық айырмашылық болуы мүмкін. |
| | Қосымша атқарымдар жиынтығы кір жуғыш машинаның моделіне байланысты кестеде көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. |

5.6. Негізгі бағдарламалар

Матаның түріне байланысты келесі негізгі жуу бағдарламаларын қолданыңыз.

•Мақта

Бағдарлама мақтадан жасалған берік бұйымдарды (төсек-орын жабдықтары, сүлгілер, суға түсетін халаттар, іш киімдер және т.б.) жууға арналған. Егер жылдам жуу функциясын іске қосу батырмасы басылса, бағдарламаның ұзақтығы айтарлықтай қысқарады, алайда бұл барабанның қарқынды қозғалысы есебінен тиімді жууды қамтамасыз етеді. Егер жылдам жуу функциясы таңдалмаса, қатты ластанған кірді сапалы жуу және шаю қамтамасыз етіледі.

•Синтетика

Бұл бағдарлама синтетикалық өнімдерді жуу үшін қолданылады (мысалы, жейделер, блузкалар, синтетикалық/мақта-мата аралас маталар және т.б.). Егер жылдам жуу функциясын іске қосу батырмасы басылса, бағдарламаның ұзақтығы айтарлықтай қысқарады, алайда бұл барабанның қарқынды қозғалысы есебінен тиімді жууды қамтамасыз етеді. Егер жылдам жуу функциясы таңдалмаса, қатты ластанған кірді сапалы жуу және шаю қамтамасыз етіледі.

•Жүн / Қолмен жуу

Жүннен тігілген киімдер немесе ұқыпты жууды талап ететін бұйымдарды жуу үшін қолданыңыз. Бұйымдарды жуу температурасын киім заттабаларында көрсетілген ақпаратқа сәйкес таңдау керек. Бұл бағдарламаның көмегімен кірді зақымдамау үшін өте ұқыпты жуылады.

•Мақта Эко (үнемді режим)

Бұл бағдарламаның көмегімен мақта мен зығырдан жасалған орташа ластанған берік маталарды жууға болады. Жуу басқа бағдарламаларды қолданғаннан гөрі ұзаққа созылады, бірақ электр қуаты мен суды айтарлықтай үнемдеу қамтамасыз етіледі. Судың нақты температурасы көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Машинаға киім-кешектің аз көлемін салу кезінде (мысалы, барабан көлемінің жартысы немесе одан аз) бағдарламаның кезеңдерін орындау уақыты автоматты түрде қысқаруы мүмкін. Осылайша, энергия мен суды тұтыну азаяды және жуу үнемді болады.

•Анти-аллергия (буды қолданып)

Бағдарламаның басында бумен өңдеу кезеңін орындау ластануды оңай жұмсартуға мүмкіндік береді. Осы бағдарламаның көмегімен жоғары температура мен ұзақ қарқынды циклдарда аллергияға қарсы және гигиеналық жууды қажет ететін кірді (балалар киімі, төсек-орын жабдығы және іш киімдер және т.б.) жуыңыз. Жоғары гигиеналық деңгейге бағдарламаны орындаудың алдында буды қолдану, ұзақ қыздыру уақыты мен қосымша шаю кезеңінің арқасында қол жеткізіледі.

* Бағдарлама 60°C температурасында аллергияға қарсы күрес бойынша Британдық

қормен (Allergy UK) тестіленді және аллергендермен, бактериялармен және зеңмен күресте тиімді деп сертификатталды.

•Қамқорлы

Бағдарлама мақта/синтетика немесе трикотаж қоспасынан жасалған тоқылған бұйымдар сияқты нәзік киімдерді жууға арналған. Бұл бағдарлама кір жуудың нәзігірек режимін қамтамасыз етеді. 20 градус температурада немесе суық жуу функциясын таңдау арқылы өңіп кетуі мүмкін бұйымдарды жуыңыз.

•Экспресс

Бұл бағдарламаны аздап ластанған және дақтары жоқ мақтадан жасалған киімдерді жуу үшін қысқа циклмен қолданыңыз. Жылдам жуу функциясы таңдалғанда, бұл бағдарламаның ұзақтығын 14 минутқа дейін қысқартуға болады. Жылдам жуу функциясын таңдағанда, ең көбі 2 кг кірді жууға болады.

•Қара киімдер / Джинсы

Бұл бағдарламаны қара киімдердің немесе джинсының түсін сақтау үшін пайдаланыңыз. Бұл бағдарламаның көмегімен барабанның арнайы қозғалыстарының арқасында тіпті төмен температурада да жоғары тиімді жуу қамтамасыз етіледі. Қара киімді жуу үшін сұйық жуғыш заттарды немесе жүн өнімдеріне арналған құралдарды пайдалану ұсынылады. Құрамында жүні бар ұқыпты жууды талап ететін киімдерді жууға болмайды.

•Микс

Мақта мен синтетикалық маталардан жасалған бұйымдарды сұрыптаусыз бірге жуу үшін қолданылады.

•Жейделер (буды қолданып)

Бұл бағдарлама мақтадан, синтетикалық және аралас маталардан жасалған жейделерді бір уақытта жууға арналған. Бағдарлама аяқталғаннан кейін атанақты айналдырудың арнайы режимі және бу қолданылады, соның арқасында жейделердегі бүктеліп қалулар саны азаяды.

• Машина жуғыш затқа арналған тартпадан су ала бастағанда, алдын-ала өңдеу химиялық затты тікелей киімге жағу немесе оны жуғыш затқа қосу ұсынылады. Осылайша сіз анағұрлым аз уақыт жұмсай отырып, әдеттегі және жуу кезіндегідей тиімділікке қол жеткізе аласыз. Көйлектеріңіздің ұзаққа жарамдылығы ұзартылады.

•Спорт / Мембрана

Бұл бағдарлама мақта мен синтетика қоспасынан тұратын спорттық және сыртқы киімдерді, сондай-ақ мембраналық су жұқпас материалдарды жууға арналған. Ол арнайы айналмалы қозғалыстардың арқасында киімді жұмсақ жууға мүмкіндік береді.

•Дақтарды кетіру

Бұл кір жуғыш машинада әр түрлі дақтарды тиімді кетіруге мүмкіндік беретін дақтарды өңдеудің арнайы бағдарламасы бар. Бұл бағдарламаны тек қатты түсті тозуға төзімді мақта маталары үшін қолданыңыз. Бұл бағдарламаны жұмсақ және бояғыш заттарды

5 Машинаны пайдалану

жуу үшін пайдаланбаңыз. Жуу алдында өнімнің заттаңбалары туралы ақпаратпен танысыңыз (мақта жейделер, шалбар, шалақ шалбар, жеңіл жейделер, балалар киімі, пижамалар, алжапқыштар, дастархандар, төсек-орын, көрпе жамылғылары, ақжаймалар, жастыққаптар, монша және жағажай сүлгілері, майлықтар, шұлықтар, жоғары температурада ұзақ уақыт жууға болатын мақта іш киімдері үшін ұсынылады). Дақтарды кетірудің автоматты бағдарламасы 24 түрлі дақтарды кетіруі мүмкін. Жылдам жуу функциясын таңдау бойынша олар үш топқа бөлінеді. Жылдам жуу функциясын таңдауға байланысты дақтар топтары көрсетіледі:

| Егер жылдам кір жуу функциясы таңдалмаса: | Егер жылдам жуу функциясы батырмасы 1 рет басылса: | Егер жылдам жуу функциясы батырмасы 2 рет басылса: |
|---|--|--|
| Тер | Қан | Чай |
| Жағадағы кір | Шоколад | Кофе |
| Тағам | Пудинг | Жеміс шырыны |
| Майонез | Шөп | Кетчуп |
| Салат тұздығы | Батпақ | Қызыл шарап |
| Макияж | Жұмыртқа | Крахмал |
| Машина майы | Сары май | Джем |
| Балалар тағамы | Карри | Көмір |

- Дақтарды өңдеу бағдарламасын таңдаңыз.
- Жоғарыдағы топтарда тазартылатын дақты таңдап, жылдам жуу батырмасын және қосымша функция батырмасын пайдаланып, тиісті топты таңдаңыз.

- Өнімнің затбелгісіндегі ақпаратты мұқият оқып шығыңыз және барабанның температурасы мен айналуды жылдамдығының дұрыс реттелгенін тексеріңіз.

•Мамық

Бұл бағдарламаның көмегімен сіз қауырсындары бар және «машинамен жууға арналған» жапсырмасы бар күрткелерді, кеудешелерді, пенжектерді және т.б. жууға болады.

•Іш киім

Тек қолмен жууға болатын ұқыпты жууды талап ететін кімдерді, сондай-ақ нәзік іш киімдерді жууға арналған. Бұйымдардың аздаған мөлшерін кір жууға арналған торлы қапшықта жуған жөн. Ілгертер, т үймелер, сыдырмалар және т.б. бекітілуі тиіс.

•Жұмсақ ойыншықтар

Жұмсақ ойыншықтар нәзік маталардан жасалғандықтан, оларды жұмсақ циклмен жуу керек. Бағдарлама «Жұмсақ ойыншықтар» оларды жуу кезінде жұмсақ қозғалыстар мен барабанның арнайы айналуды режимдерінің арқасында қорғайды. Сұйық жуғыш заттарды қолдану ұсынылады.



Қатты беті бар жұмсақ ойыншықтарды жууға қатаң тыйым салынады.



Ойыншықтарды киіммен бірге жууға болмайды, өйткені ойыншықтар кірді зақымдауы мүмкін.

•Орамалдар

Бұл бағдарлама тозуға төзімді мақта маталарын (сүлгілер сияқты) жуу үшін қолданылады. Сүлгілерді жүктеудің алдында, олар жүктеу есігінің қалпақшасына немесе есіктің әйнегіне қысылмағанын бақылаңыз.

•Перделер

Бұл бағдарлама перделер мен тюль гардиналарын жууға арналған. Тор құрылымына байланысты көп мөлшерде көбік пайда болғандықтан, негізгі жууға арналған бөлімге әдеттегіден аз жуғыш зат қосылуы керек. Бұл бағдарлама арнайы айналдыру режимін қолданады, соның арқасында перделер мен гардиналар кішірейеді. Перделерді зақымдамау үшін оларға рұқсат етілген нормадан артық салмақ түсірмеңіз.



Бұл бағдарламаны пайдалану кезінде перделерді жууға арналған жуғыш заттарды қолдану ұсынылады.

•Жүктелген бағдарлама

Бұл қажет болған жағдайда әртүрлі бағдарламаларды жүктеуге болатын арнайы бағдарлама. Алдымен HomeWhiz қолданбасында әдепкі бағдарламаны көресіз. HomeWhizz қолданбасының көмегімен берілген тізімнен бағдарламаны таңдап, қолданар алдында оған өзгерістер енгізе аласыз.



Егер HomeWhiz және қашықтан басқару мүмкіндіктерін пайдаланғыңыз келсе, «Жүктелген бағдарламаны» таңдаңыз. Толығырақ ақпаратты 5.17-бөлімнен қараңыз.

•Шайқау

Бөлекше шайқау циклы, оны кірді шаюға немесе крахмалдау үшін қолдануға болады.

•Сығу+Ағызу

Бұл бағдарлама киімнен суды кетіруге немесе машинадан суды ағызуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны іске қоспас бұрын, қажетті сығу жылдамдығын таңдап, содан кейін «Старт/Кідіріс» түймесін басу арқылы бағдарламаны іске қосыңыз. Алдымен машинадан су сорылады, содан кейін таңдалған жылдамдықта кірді сығып, сығылған су сорып алынады. Егер сығу қажет болмаса, тек машинадан суды сорып алу керек болса, «Ағызу+Сығу» бағдарламасын таңдаңыз, содан кейін сығу жылдамдығын реттеу түймесінің көмегімен «Сығусыз» функциясын таңдаңыз. «Бастау/Кідірту» батырмасын басыңыз.



Жұқа киімдер үшін сығу жылдамдығын төмендету керек.

5 Машинаны пайдалану

5.7. Температураны таңдау



Жаңа бағдарламаны таңдағанда, температура индикаторында осы бағдарлама үшін ең жоғары температура көрсетіледі. Егер температураны төмендету қажет болса, температураны таңдау батырмасын басыңыз: температура біртіндеп төмендейді.



Егер бағдарлама суды жылыту циклын әлі бастамаса, температураны машинаны «Үзіліс» режиміне ауыстырмай өзгертуге болады. Егер температураны суық суда жуу деңгейіне дейін төмендеткеннен кейін температураны таңдау батырмасын қайтадан бассаңыз, дисплей таңдалған бағдарлама үшін ұсынылған ең жоғары температураны көрсетеді. Температураны төмендету үшін температураны таңдау батырмасын қайтадан басыңыз.

5.8. Сығу жылдамдығын таңдау



Бағдарламаны таңдағанда, сығу жылдамдығының индикаторында осы бағдарлама үшін ұсынылған сығу жылдамдығы көрсетіледі.

Сығу жылдамдығын азайту қажет болса, сығу жылдамдығын реттеу батырмасын басыңыз: Сығу жылдамдығы біртіндеп төмендейтін болады. Осыдан кейін, машина моделіне байланысты, дисплейде «Шайқауды кідірту» және «Сықпай» функциялары дисплейде көрсетіледі.



Егер бағдарлама айналдыру циклын әлі бастамаса, айналдыру жылдамдығын машинаны «Үзіліс» режиміне ауыстырмай өзгертуге болады.

Шайқауды кідірту

Егер кір жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін кірді бірден түсіру қажет болмаса, кірдің мыжылуын болдырмау үшін шаюды кідірту функциясын қолдануға болады. Бұл функция соңғы шаюдан кейін кірді суда қалдыруға мүмкіндік береді. Егер осыдан кейін кірді сығусыз суды ағызу қажет болса, «Старт/Үзіліс» батырмасын басыңыз.

Суды ағызғаннан кейін бағдарлама жұмысын қайта бастайды және жуу циклын аяқтайды. Суда қалдырылған киімді сығу

үшін, сығу жылдамдығын таңдап, «Старт/Кідіріс» түймесін басыңыз. Бағдарламаны орындау жалғасады. Суды ағызу және сығу жүзеге асырылады, содан кейін бағдарлама аяқталады.

5.9. Қосымша функцияларды таңдау



Бағдарламаны іске қоспас бұрын қажетті қосымша функцияларды таңдау керек. Сонымен қатар, машина жұмыс істеп тұрған кезде «Старт / Үзіліс» батырмасын баспай-ақ, орындалатын бағдарламамен үйлесімді қосымша функцияларды таңдай аласыз немесе алып тастай аласыз. Ол үшін машина таңдауды қалайтын алып тастағыңыз келетін қосымша функцияның алдындағы сатыда болуы тиіс. Егер қосымша функцияны таңдау немесе алып тастау мүмкін болмаса, тиісті функция индикаторы 3 рет жыпылықтау түрінде ескерту береді.



Машинаны іске қоспас бұрын бірінші таңдалған функцияға сәйкес келмейтін функцияны таңдаған жағдайда, соңғы таңдалған функция қосылады, ал алдыңғы функция жойылады.

Егер қосымша функция бағдарламаға сәйкес келмесе, оны таңдауға болмайды. («Бағдарламалар мен энергияны тұтынуды таңдау кестесін» қараңыз).

Қосымша функцияларды таңдау батырмалары кір жуғыш машинаның үлгісіне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

•Жібіту

«Жібіту» функциясы тек қатты ластанған кір үшін қажет. Электр қуатын, суды, жуғыш заттарды және уақытты үнемдеу үшін қажет болмаған жағдайда жібітуді қолданбаңыз.




Перделер мен селдірт тұтас перделерді жуу үшін жуғыш затсыз алдын-ала жуу ұсынылады.

•Жылдам жуу

Бұл функцияны таңдаған кезде тиісті бағдарламаның ұзақтығы 50 %-ға қысқарады. Жуудың оңтайландырылған кезеңдерінің, жоғары механикалық белсенділіктің және суды оңтайлы тұтынудың арқасында қысқа уақыт ішінде тиімді жууға қол жеткізіледі.

5 Машинаны пайдалану

| | |
|---|---|
|  | Осы қосымша функцияны таңдағанда, бағдарламалар кестесінде көрсетілген кірдің ең көп мөлшерінің жартысын машинаға салу керек. |
|---|---|

•Бу


Бұл бағдарлама мақта, синтетикалық немесе аралас кірді дақтарсыз аз мөлшерде жүктеу кезінде қатпарлар мен үтіктеу уақытын азайту үшін қолданылады.

•Қашықтықтан басқару

Бұл қосымша функция батырмасы машина мен зияткерлік құрылғылар арасында байланыс орнату үшін қолданылады. Толық мәліметтерді 5.17. бөлімінен қараңыз. «HomeWhiz функциясы және қашықтықтан басқару».

•Теңшелетін бағдарлама


Бұл қосымша функция тек HomeWhiz қолданбасымен бірге «Мақта» және «Синтетика» бағдарламаларына арналған. Осы қосымша функцияны қосқаннан кейін бағдарламаға төрт қосымша шау кезеңін қосуға болады. Сіздің машинаңызда жоқ болса да, кейбір қосымша мүмкіндіктерді таңдауға және пайдалануға болады. Қауіпсіз ауқымда «Мақта» және «Синтетика» бағдарламаларының уақытын көбейтуге және азайтуға болады.


| | |
|---|--|
|  | «Жүктелген бағдарлама» қосымша функциясын таңдау кезінде жуу тиімділігі мен энергияны тұтыну мәлімделген мәннен өзгеше болады. |
|---|--|

5.9.1. Батырмаларды 3 секунд басу және ұстап тұру арқылы таңдалатын функциялар/бағдарламалар

•Барабанды тазарту 3"


Бағдарламаны таңдау үшін 1 қосымша атқарым батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз. Барабанды тазалауға және зарарсыздандыруға арналған. Бұл бағдарламаны әрбір 1-2 айда қолданған жөн. Бағдарламаны жасамас бұрын жуғыш заттардың қалдықтарын жұмсарту үшін бу қолданылады. Бағдарламаны машина толығымен бос болған кезде іске қосу керек. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін кір жуғыш машиналарға арналған қақтан тазарту құралын «2» жуғыш зат бөліміне салыңыз. Бағдарламаны аяқтағаннан кейін, машинаны ішінен кептіру үшін жүктеу люгінің есігін сәл ашық қалдырыңыз.

| | |
|---|--|
|  | Бұл бағдарлама кір жууға арналмаған. Оны тек кір жуғыш машинаның күтіміне пайдалану керек. |
|---|--|

| | |
|---|---|
|  | Егер машинада қайсыбір заттар болса, бұл бағдарламаны іске қоспаңыз. Бұл жағдайда машина барабанның жүктелгенін анықтайды және бағдарламаның орындауын тоқтатады. |
|---|---|

•Балалардан бұғаттау 3"

Балалардың машинаның жұмысына араласуына жол бермеу үшін балалардан бұғаттау функциясын қолданыңыз. Бұл орындалатын бағдарламаның өзгеруіне жол бермейді.


| | |
|---|---|
|  | Егер бағдарламаны таңдасаңыз, бағдарламаны таңдау үшін, балалардан бұғатталған кезде дыбыс ескертуі естіледі. Балалардан бұғаттауды қосқаннан кейін температура мен сығу жылдамдығын өзгерту мүмкін емес, сонымен қатар қосымша функцияларды таңдау немесе болдырмау мүмкін емес. |
| | Егер бағдарламаны таңдау тұтқасын балалардан бұғаттау қосуы кезінде басқа күйіне бұрасаңыз, ағымдағы бағдарламаны орындау жалғасады. |

Балалардан бұғаттау режимін қосу:

Қосымша функция түймешігін 3 секунд басып тұрыңыз. Осы түймені басып тұрғанда дисплейде «3-2-1» таңбалары пайда болады. Содан кейін дисплейде балалардан қорғау белгісі жанады.

Балалардан бұғаттау режимін болдырмау үшін:

Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде көмекші функция түймешігін 3 секунд басып тұрыңыз. Осы түймені басып тұрғанда дисплейде «3-2-1» таңбалары пайда болады. Кері санақ аяқталғаннан кейін балалардан қорғау белгішесі дисплейден жоғалады, бұл балалар құлпы өшірілгенін білдіреді.

| | |
|---|---|
|  | Егер бағдарламалардың ешқайсысы орындалмаса, балалардан бұғаттау режимін «Қос./Сөнд.» күйіне бағдарламаларды таңдау тұтқасын бұру арқылы да өшіруге болады. |
| | Электр энергиясын беруде іркілістер болған немесе машина желіден ажыратылған кезде балалардан бұғаттау қосуы күйінде қалады. |

•Оңай үтіктеу 3"

Функцияны таңдау үшін, сәйкес бағдарлама қадамының орындалу индикаторы жанғанша айналдыру жылдамдығын таңдау түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Бұл функцияны таңдағаннан кейін, бағдарлама аяқталғаннан кейін кірдің мұжылып кетуіне жол бермеу үшін барабан 8 сағатқа дейін айналады. Бағдарламаны болдырмауға және кірді осы 8 сағаттық кезең ішінде кез келген уақытта алып тастауға болады. Функцияны болдырмау үшін функцияларды таңдау

5 Машинаны пайдалану

батырмасын немесе Қос./Сөнд. батырмасын басыңыз. Бағдарламаның орындалу барысы индикаторы функция жойылғанға дейін немесе кезең аяқталғанша жанады. Егер функция жойылмаса, ол келесі жуу циклінде де іске қосылады.


•**Үй жануарларының жүнін жою** 

Бұл мүмкіндікті таңдау үшін қосымша 2 функциясы батырмасын басып, оны 3 секунд ұстап тұрыңыз. Бұл функция киімнен жануарлардың жүнін неғұрлым тиімді жою үшін арналған. Бұл функцияны таңдаған кезде стандартты бағдарламаға алдын ала жуу циклы мен қосымша шаю циклы қосылады. Сонымен қатар, кір жуу көп мөлшердегі сумен жүргізіледі және жануарлардың жүнінен киімді тиімді тазалауға мүмкіндік береді.


•**Bluetooth** 

Құрылғыны зияткерлік құрылғыңызға қосу үшін Bluetooth қосылымы функциясын пайдалануға болады. Осылайша, өзіңіздің машинаңыз туралы ақпарат алу және оны басқару үшін зияткерлік құрылғыны қолдана аласыз.

Bluetooth байланысын қосу үшін:

Қашықтан басқару функциясы батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз. 3-2-1 кері санағы көрсетіледі, содан кейін дисплейде «» белгішесі пайда болады. Қашықтан басқару функциясы батырмасын босатыңыз. Құрылғы зияткерлік құрылғымен қосылған кезде Bluetooth белгішесі жыпылықтай бастайды. Байланыс орнатылғаннан кейін белгіше үнемі жанып тұрады.

Bluetooth байланысын өшіру үшін:

Қашықтан басқару функциясы батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз. 3-2-1 кері санағы көрсетіледі, содан кейін дисплейде «» белгішесі өшеді.



Bluetooth қосылымын қосу үшін HomeWhiz қолданбасының бірінші теңшелімін орындау керек. Орнатқаннан кейін, тұтқаны бағдарламаны жүктеу/ қашықтан басқару күйіне қойып, Bluetooth қосылымын қосу үшін қашықтан басқару функциясы батырмасын басыңыз.

5.10. Кейінге қалдырылған бастау

«Кейінге қалдырылған старт» атқарымын қолдана отырып, бағдарламаның аяқталуын 24 сағатқа дейін кейінге қалдыруға болады. Функциядан бас тарту қажет болса, құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.



Кейінге қалдырылған стартты орнату кезінде сұйық жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз! Киімде дақтар пайда болуы мүмкін.

1. Жүктеу есігін ашыңыз, кірді салыңыз және диспенсерге жуғыш зат қосыңыз.

2. Жуу бағдарламасын, температураны, сығу жылдамдығын таңдаңыз және қажет болған жағдайда, қосымша функцияларды таңдаңыз.

3. «Кейінге қалдырылған старт» түймесі арқылы қажетті уақытты орнатыңыз.

4. «Бастау/Кідірту» батырмасын басыңыз. Дисплей таңдалған бағдарламаның аяқталу уақыты мен ұзақтығынан тұратын бағдарламаның аяқталу уақытын көрсетеді. Осыдан кейін уақытты кері санау басталады.



Кейінге қалдырылған старт уақытын санап жатқанда, кірді машинаға қосуға болады.

5. Кешіктірілген басталу уақыты аяқталғаннан кейін дисплейде таңдалған бағдарламаның орындалу ұзақтығы көрсетіледі және бағдарламаның орындалуы басталады.


5.11. Бағдарламаның орындалу барысы

Бағдарламаның орындалу барысын бағдарламаның орындалу индикаторының көмегімен бақылауға болады. Бағдарламаның әрбір циклінің басында тиісті индикатор қосылады. Бағдарламаны орындау барысында сіз қосымша функцияларды таңдауды, сығу жылдамдығын және температураны орындалып жатқан бағдарламаны тоқтатпай өзгерте аласыз. Барлық өзгерістерді осы өзгерістер енгізілген кезең басталғанға дейін ғана жасауға болады. Егер өзгерістер орындалатын бағдарламаға сәйкес келмесе, тиісті индикатор үш рет жыпылықтайды.



Егер машина сығу сатысына өтпесе, онда сумен тоқтау функциясы қосулы немесе барабанның ішіндегі кірдің біркелкі бөлінбеуіне байланысты автоматты теңдестіру жүйесі іске қосылды.

5.12. Жүктеу люгінің есігін бұғаттау

Кір жуғыш машинаның жүктеу люгінің есігі судың жоғары деңгейінде есікті ашу мүмкіндігін болдырмайтын бұғаттау жүйесімен жабдықталған. Жүктеу есігі жабылған кезде дисплейде «» индикаторы жанады.



Қашықтан басқару функциясы таңдалса, есік құлыпталады. Есікті ашу үшін бұл функцияны өшіру үшін бағдарламаны өзгерту үшін қашықтан басқару пульті түймесін басу керек.

Коректендіруді ажырату кезінде тиеу люгінің есігін ашу




Электр қуаты ажыратылған жағдайда, сорғы сүзгісінің қақпағының астында орналасқан апаттық тұтқа көмегімен тиеу люгінің есігін қолмен ашуға болады.


5 Машинаны пайдалану



ЕСКЕРТУ: Тиеу люгінің есігін ашпас бұрын судың толып кетуін болдырмау үшін машинаның ішінде судың жоқтығына көз жеткізіңіз.



- Сорғы сүзгісінің қақпағын ашыңыз.



- Құралдың көмегімен жүктеу люгі есігінің апаттық ашылу арқанын төмен қарай тартыңыз және босатыңыз.

- Жүктеу люгінің есігін ашып, арқанды орнына қайтарыңыз.
- Егер жүктеу люгінің есігі ашылмаса, арқанды тартып, тағы бір рет көріңіз.

5.13. Бағдарламаны іске қосқаннан кейін теңшеулерді өзгерту

Машинаны тоқтату режиміне ауыстыру
Бағдарламаны орындау кезінде кір жуғыш машинаны тоқтату режиміне ауыстыру үшін «Старт/Үзіліс» батырмасын басыңыз. Дисплейде кідіріс индикаторы жыпылықтайды.

Қосымша атқарымдар, сығу жылдамдығын және температураны таңдауды өзгерту
Бағдарламаны орындау сатысына қарай функцияларды таңдауға немесе болдырмауға болады. «Қосымша функцияларды таңдау» бөлімін қараңыз.

Сондай-ақ, сығу жылдамдығы мен жуу температурасының теңшелімдерін өзгертуге болады. «Сығу жылдамдығын таңдау» және «Температураны таңдау» бөлімдерін қараңыз.



Егер теңшелімдерді өзгертуге тыйым салынса, сәйкес индикатор үш рет жыпылықтайды.

Кірді қосу немесе шығару

Егер машинадағы су деңгейі ұйғарынды болса, «Бастау/Үзіліс» батырмасын басқан кезде, жүктеу есігінің бұғаттау белгісі сөніп, бұғаттау өшіріледі, бұл кірді қосуға/шығаруға мүмкіндік береді. Содан кейін есікті жауып, кір жуу циклын жалғастыру үшін «Бастау/Үзіліс» батырмасын басыңыз.

Егер «Бастау/Үзіліс» батырмасын басқан кезде су деңгейі қолайсыз болса, онда есікті бұғаттау өшірілмейді және жүктеу есігінің бұғаттау таңбасы дисплейде жарқырай береді. Бұл жағдайда кірді қосу немесе алып шығару мүмкін емес.



Егер машинадағы судың температурасы 50°-тан жоғары болса, су деңгейі рұқсат етілген болса да, қауіпсіздік мақсатында жүктеу есігін бұғаттауды өшіру мүмкін емес.

5.14. Бағдарламаны болдырмау

Бағдарламаны болдырмау үшін бағдарламаны таңдау тұтқасын басқа бағдарламаға сәйкес келетін күйге бұраңыз. Бұрын таңдалған бағдарлама жойылады. Бағдарламаны тоқтатқаннан кейін «Аяқтау/Болдырмау» индикаторы үздіксіз жыпылықтай бастайды. Бағдарламаны таңдау тұтқасын бұрау кезінде ағымдағы бағдарлама жойылады, бірақ машинадан су ағып кетпейді. Жаңа бағдарламаны таңдап, іске қосқаннан кейін оның орындалуы алдыңғы бағдарламаның қай кезеңде тоқтатылғанына байланысты басталады. Мысалы, машина судың қосымша мөлшерін жүктей бастайды немесе барабандағы суды пайдаланып жууды жалғастыра береді.



Алдыңғы бағдарламаның қай кезеңде тоқтатылғанына байланысты, жаңа бағдарламаны таңдап, іске қосқаннан кейін жуғыш құрал мен кондиционерді қосу қажет болуы мүмкін.

5.15. Бағдарламаны аяқтау

Бағдарлама аяқталған кезде дисплейде «End» көрсетіледі. 10 минут бойы ешбір түйме басылмаса, құрылғы өшірулі режимге өтеді. Дисплей және барлық индикаторлар өшеді. Кез келген түймені бассаңыз, аяқталған бағдарлама кезеңдерінің көрсеткіштері көрсетіледі.

5.16. Машинаның «Қуту режимінің» ерекшеліктері

Егер машинаны батырма қосқышымен қосқаннан кейін ешқандай бағдарлама іске қосылмаса немесе таңдау сатысында басқа рәсім орындалмаса немесе сіз таңдаған бағдарлама аяқталғаннан кейін екі минут ішінде ешқандай әрекет жасалмаса, машина автоматты түрде қуат үнемдеу режиміне өтеді. Бұл ретте, индикаторлардың жарықтылығы азаяды. Бұдан басқа, егер машинаның дисплейінде бағдарламаның орындалу ұзақтығы бейнеленсе, ол сөнеді. Бағдарламаны таңдау тұтқасын бұрап немесе кез-келген түймені басқаннан кейін индикаторлар мен дисплейдің алдыңғы күйі қалпына келеді. Энергияны үнемдеу режимінен шыққан кезде жасалатын теңшелімдер өзгеруі мүмкін. Бағдарламаны іске қоспас бұрын, ағымдағы теңшелімдердің дұрыстығына көз жеткізіңіз. Қажет болса, осы теңшелімдерді қайта орнатыңыз. Бұл ақаулық болып табылмайды.

5.17. HomeWhiz функциясы және қашықтықтан басқару

HomeWhiz кір жуғыш машинаны тексеру және оның жағдайы туралы ақпарат алу үшін

5 Машинаны пайдалану

зияткерлік құрылғыны пайдалануға мүмкіндік береді. HomeWhiz қолданбасының көмегімен әртүрлі рәсімдерді орындау үшін зияткерлік құрылғыны пайдалануға болады, оны машинада да жасауға болады. Сонымен қатар, кейбір мүмкіндіктер HomeWhiz қолданған кезде ғана қол жетімді.

Құрылғының Bluetooth функциясын пайдалану үшін HomeWhiz қолданбасын зияткерлік құрылғының қолданбалар дүкенінен жүктеу керек.

Бағдарламаны орнату үшін зияткерлік құрылғының Интернетке қосылғанына көз жеткізіңіз.

Егер бағдарламаны бірінші рет қолдансаңыз, пайдаланушының есептік жазбасын тіркеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Тіркеу рәсімі аяқталғаннан кейін сіз HomeWhiz функциясы бар барлық өнімдеріңізді басқару үшін осы есептік жазбаны пайдалана аласыз. Есептік жазбаңызбен жұпталған құрылғыларды көру үшін HomeWhiz қолданбасындағы «Құрылғыны қосу/жою» батырмасын басыңыз. Сіз осы беттегі өнімдермен жұптау рәсімдерін орындай аласыз.

Қолданбаны орнатқаннан кейін HomeWhiz функциясы кір жуғыш машинаға зияткерлік құрылғы арқылы хабарлама жіберуге мүмкіндік береді.



HomeWhiz функциясын пайдалану үшін зияткерлік құрылғыңызға қолданба орнатылып, кір жуғыш машинаңыз Bluetooth арқылы зияткерлік құрылғыға қосылуы керек. Егер кір жуғыш машинаңыз зияткерлік құрылғыға қосылмаған болса, ол HomeWhiz функциясы жоқ құрылғы ретінде жұмыс істейді.

5.18. HomeWhiz теңшеу

Бағдарламаны іске қосу үшін машина мен HomeWhiz қолданбасы арасында байланыс орнату керек.

- Машинаны бірінші рет қосқан кезде HomeWhiz қолданбасындағы «Құрылғыны қосу/жою» батырмасын басыңыз.
- Орнатуды бастамас бұрын, машинаның өшірулі екеніне көз жеткізіңіз. Бір уақытта температура батырмасын және қашықтан басқару функциясы батырмасын басып, машинаны HomeWhiz теңшеу режиміне орнату үшін оларды 3 секунд ұстап тұрыңыз.



- Машина HomeWhiz теңшеу режимінде болғанда, дисплей анимацияны көрсетеді және Bluetooth белгішесі машинаны зияткерлік құрылғыға қосқанға дейін жыпылықтайды. Бұл режимде тек

бағдарламаны таңдау тұтқасы жұмыс істейді. Басқа батырмалар қол жетімді емес.



- Бағдарлама экранында кір жуғыш машинаны таңдап, «Одан әрі» батырмасын басыңыз.
- HomeWhiz сізден зияткерлік құрылғыға қандай құрылғыны қосқыңыз келетінін сұрағанша экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Кір жуғыш машинаны құрылғыңызға сәтті қосқан кезде, дисплей автоматты түрде қалыпты режимге өтеді, Bluetooth белгішесі қосылуы болып қалады және орнату сәтті аяқталған әуен ойнатылады.
- HomeWhiz қолданбасына оралыңыз және теңшеу аяқталғанша күтіңіз. Теңшеу аяқталғаннан кейін кір жуғыш машинаның атын енгізіңіз. Содан кейін HomeWhiz қолданбасына қосылған құрылғыны көру үшін түртіңіз. Егер сіз 5 минут ішінде орнатуды аяқтамасаңыз, кір жуғыш машина автоматты түрде өшеді. Бұл жағдайда теңшеу рәсімін қайтадан бастау керек.



ЕСКЕРТУ: HomeWhiz орнату үшін зияткерлік құрылғы Интернетке қосылуы керек. Әйтпесе, HomeWhiz қолданбасы орнату рәсімін сәтті аяқтауға мүмкіндік бермейді.



Кір жуғыш машинаны бірнеше зияткерлік құрылғылармен пайдалануға болады. Ол үшін HomeWhiz қолданбасын басқа зияткерлік құрылғыға жүктеңіз. Қолданбаны іске қосқан кезде сіз бұрын жасалған және кір жуғыш машинаға қосылған есептік жазбаға кіруіңіз керек. Әйтпесе, «Басқа тіркелгіге қосылған кір жуғыш машинаны орнату» бөлімін қараңыз.

HomeWhiz қолданбасы сізден өнімнің затбелгісінде көрсетілген өнім нөмірін енгізуді талап етуі мүмкін. Өнімнің жапсырмасы машина есігінің ішкі жағында орналасқан.



5.19. Басқа есептік жазбаға қосылған кір жуғыш машинаны теңшеу

Егер сіз пайдаланғыңыз келетін кір жуғыш машина бұрын басқа есептік жазбамен


5 Машинаны пайдалану

байланысқан болса, HomeWhiz қолданбасы мен машина арасында жаңа байланыс орнату керек.

- HomeWhiz қосымшасын пайдаланғыңыз келетін жаңа зияткерлік құрылғыға жүктеңіз.
- Жаңа есептік жазба жасаңыз және оған HomeWhiz қосымшасында кіріңіз.
- HomeWhiz орнату қадамдарын орындаңыз (5.18-бөлім «HomeWhiz теңшеу») және теңшеу рәсіміне өтіңіз.

5.20. Қашықтықтан басқару және оны қолдану функциясы

HomeWhiz орнатқаннан кейін Bluetooth автоматты түрде қосылады. Егер сіз Bluetooth қосылған кезде машинаны өшіріп, қоссаңыз, қосылым автоматты түрде қалпына келтіріледі. Егер жұпталған құрылғы қол жетімді болмаса, Bluetooth автоматты түрде өшеді. Осы себепті қашықтан басқару функциясын пайдалану үшін Bluetooth функциясын қайта қосу керек. Байланыс күйін анықтау үшін дисплейдегі Bluetooth таңбасын тексеріңіз. Егер таңба үнемі жанып тұрса, Bluetooth қосылымы орнатылады. Егер таңба жыпылықтаса, қосылу әрекеті орындалады. Егер таңба жанбаса, байланыс жоқ.

| | |
|---|--|
|  | <p>ЕСКЕРТУ: Bluetooth қосылымы сіздің өніміңізге қосылған кезде, қашықтан басқару мүмкіндігі таңдау үшін қол жетімді болады. Егер қашықтан басқару мүмкіндігі таңдалмаса, қосылым күйін тексеріңіз. Егер байланыс орнатылмаса, бастапқы теңшеуді машинада қайталаңыз.</p> |
|---|--|

Кір жуғыш машинаны қашықтан басқару үшін кір жуғыш машинаның басқару тақтасындағы бағдарламаларды таңдау тұтқасы бағдарламаны жүктеу / қашықтан басқару күйіне ауыстырылған қашықтан басқару батырмасын басу арқылы қашықтан басқару функциясын қосу керек. Машинаны бағалау кезінде төменде көрсетілген экран көрсетіледі. Қашықтан басқару пульті қосылған кезде кір жуғыш машинада тек басқару, өшіру және күйді бақылауды жүзеге асыра аласыз. Балалардан бұғаттаудан басқа барлық функцияларды басқару қолданба арқылы жүзеге асырылады. Егер қашықтан басқару функциясы өшірілсе, барлық операцияларды басқару кір жуғыш машинада жүзеге асырылады, ал қолданбада тек күй көрсетіледі.



Егер қашықтан басқару функциясын қосу мүмкін болмаса, батырманы басқан кезде машина ескерту сигналын шығарады. Бұл құрылғы қосуды және Bluetooth арқылы

жұпталған зияткерлік құрылғы анықталмаған жағдайларда орын алуы мүмкін. Мысалы, Bluetooth теңшелімдері өшірулі немесе машинаның есігі ашық.

Кір жуғыш машинада функция қосылғаннан кейін ол белгілі бір жағдайларды қоспағанда, қосуды болып қалады және Bluetooth арқылы қашықтан машинаны басқаруға мүмкіндік береді. Кейбір жағдайларда ол қауіпсіздік мақсатында өзін өшіреді:

- кір жуғыш машинаның қуаты ажыратылған кезде;
- бағдарламаны таңдау тұтқасы басқа бағдарламаға бұрылған кезде немесе машина өшірілген кезде.

5.21. Ақаулықтарды жою

Егер басқару немесе қосылу кезінде ақаулар пайда болса, мәселе қайталанатынына және сіз жасаған әрекеттермен байланысты емес екеніне көз жеткізіңіз. Егер мәселе жойылмаса, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Зияткерлік құрылғы тиісті үй желісіне қосылғанын тексеріңіз.
- Бұйымның қолданбасын қайтадан іске қосыңыз.
- Bluetooth функциясын өшіріп, басқару тақтасында қайта қосыңыз.
- Егер байланыс жоғарыда аталған процестерді қолдана отырып орнатылмаса, кір жуғыш машинада бастапқы орнатуды қайталаңыз.


Мәселе қайтадан туындаса фирмалық сервис орталығына жүгініңіз.

6 Қызмет көрсету және тазалау

6.1. Жуу құралдары таратқышын тазалау

Жуу құралдарының таратқышын мезгілімен (әрбір 4-5 жуу циклынан кейін) тазалап отырыңыз, кір жуу ұнтағының қалдықтары жинақталмайтындей етіп тазалаңыз.

1. Сифонды суретте көрсетілгендей шығару үшін оның артқы жағын көтеріңіз.



Егер кондиционерге арналған бөлімшеде қалыпты көлемнен асатын су мен кондиционерлеу құралы жинала бастаса, сифонды тазалаңыз.

2. Жуу құралдарының таратқышын және сифонды раковинадағы жылы судың мол мөлшерімен жуып жіберіңіз. Таратқышты тазалағанда қорғаныш қолғаптарын киіңіз немесе жуу құралдарының қалдықтарына жанаспау үшін арнайы қылшақты қолданыңыз.

3. Тазалағаннан кейін сифонды орнына қойыңыз және оның алдыңғы бөлігін стопор тілі бекігендей етіп төмен қарай сырғытыңыз.

6.2. Жүктеу люгінің есігі ме барабанды тазалау

Уақыт өте келе машинада кондиционердің, жуу құралдарының және ластанудың қалдықтары жиналуы мүмкін, бұл жағымсыз иіс шығарып, кір жуу сапасын төмендетеді. Мұндай мәселелерді болдырмау үшін «Барабанды тазалау» бағдарламасын пайдаланыңыз. Егер осы модельде «Барабанды тазалау» бағдарламасы қарастырылмаған болса, «Су қосу» немесе «Қосымша шаю» функциясы бар «Мақта-90» бағдарламасын іске қосыңыз. Бұл бағдарламаны іске қосқан кезде машинаға киім-кешек жүктелмейді. Бағдарламаны іске қосар алдында жуу құралын салыңыз (2 бөлім). Бағдарлама аяқталғаннан кейін тығыздағыш манжетті ішінен таза матамен сүртіңіз.




Барабанды әр 2 ай сайын тазалау керек.

Кір жуғыш машиналарға арналған жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз.

Әрбір кір жуудан кейін барабанды бөгде заттардың бар-жоғына тексеріңіз.

Егер суретте көрсетілген тесіктер бұғатталса, оларды тіс тазалағышпен тазалаңыз.



Барабанда бөгде металл заттардың болуы тот дақтарының пайда болуына әкеледі. Барабанның бетін тазалау үшін тот баспайтын болатты тазалауға арналған құралдарды пайдаланыңыз. Ешбір жағдайда металл немесе сым жөкелерін пайдаланбаңыз.




ЕСКЕРТУ: Ешбір жағдайда қатты губкаларды немесе абразивті материалдарды пайдаланбаңыз. Бұл боялған және пластмасса бөлшектерін зақымдауы мүмкін.

6.3. Корпусы және басқару панелін тазалау

Машинаның корпусын сабын ерітіндісімен немесе жұмсақ жуу құралымен жуыңыз және жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз. Басқару панелін тазалау үшін тек жұмсақ дымқыл матаны пайдаланыңыз.

6.4. Кіріс сүзгілерін тазалау

Сүзгілер машинаның артқы жағындағы су құятын саңылаулардың ұштарында және су шүмектеріне қосылатын су құятын түтіктердің ұштарында орналасқан. Бұл сүзгілер кір жуғыш машинаға сантехникадан келетін бөгде заттар мен кірдің түсуіне жол бермейді. Сүзгілер ластанған сайын тазалануы керек.



1. Қрандарды жабыңдар.
2. Енгізу келте құбырларындағы сүзгілерге қол жеткізу үшін құю шлангыларындағы гайкаларды шешіп алыңыз. Оларды сәйкес келетін қылшақпен тазалап жіберіңіз. Егер сүзгілер қатты ластанған болса, оларды тістеуікпен шығарып, тазалау керек.
3. Сүзгілерді құю шлангыларыңыз түзу ұштарынан төсемдермен бірге алып шығыңыз және су ағыны астында мұқият жуып жіберіңіз.
4. Төсемдер мен сүзгілерді кері ретпен ұқыптап орнатыңыз, құю шлангасын гайкамен қысып қолмен жалғаңыз.

6 Қызмет көрсету және тазалау

6.5. Қалдық суды ағызу және сорғы сүзгісін тазарту

Кір жуу машинасы су ағызу кезінде қатты заттардың (түймелер, монеталар, мата талшықтары және т.б.) сорғының қанатшасына түсуін болдырмайтын сүзгілер жүйесімен жабдықталған. Бұл суды кедергісіз ағызуды қамтамасыз етеді және сорғының қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Егер ағызу қалыпты орындалмаса, сорғы сүзгісі бітелген. Сүзгіні ластануына қарай, бірақ кемінде 3 айда бір рет тазалап отыру керек. Сорғы сүзгісін тазартар алдында суды ағызып тастау қажет.

Бұдан басқа, тасымалдау алдында (мысалы, басқа пәтерге көшкен кезде) немесе су қату қаупі бар жағдайда машинадан суды.



ЕСКЕРТУ: Егер бұйым ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, қранды жабыңыз, беру шлангысын ажыратып, қатып қалуды болдырмау үшін машинадан суды ағызыңыз.

ЕСКЕРТУ: Әрбір қолданғаннан кейін бұйымға су беру шлангысының қранын жабу керек.

Суды ағызу және лас сүзгіні тазалау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Машинаны электр желісінен ажыратыңыз (ашаны розеткадан суырыңыз).



ЕСКЕРТУ: Машинадағы су температурасы 90°C-ге дейін жетуі мүмкін. Күйікті болдырмау үшін сүзгіні тазалауды тек машинадағы су суығаннан кейін ғана жүргізу керек.

2. Сүзгінің қақпағын ашыңыз.




3. Кейбір модельдер апаттық су ағызу шлангысымен жабдықталған. Машинадағы суды ағызу үшін, төменде сипатталған әрекеттерді орындаңыз.

Апаттық ағызу шлангысымен жабдықталған модельдердегі суды ағызу:

a. Апаттық ағызу шлангысын бөліктен шығарыңыз.

b. Шлангының соңына сыйымды сыйымдылық қойыңыз. Шлангының соңындағы тығынды алып тастаңыз және суды ағызыңыз. Ыдыс толған кезде шлангыны тығынымен жабыңыз. Ыдыстан суды төгіңіз және су толығымен машинадан ағызылып біткенше, жоғарыда сипатталған процедураны қайталаңыз.



c. Ағызу аяқталғаннан кейін шлангыны тығынмен жабыңыз және оны орнына салыңыз.




ЕСКЕРТУ. Бөгде заттардың сорғы сүзгісінде болуы машинаның зақымдануына немесе жұмыс істеуі кезінде қатты шуылдың шығуына әкелуі мүмкін.
Сорғы сүзгісін тексеруіңізді және тазалауыңызды өтінеміз!




6 Қызмет көрсету және тазалау

d. Сорғының сүзгісін бұрыңыз және оны шығарып алыңыз.



Апаттық ағызу шлангысымен жабдықталмаған модельдердегі суды ағызу:

- Суды төгу үшін сүзгінің алдына үлкен ыдыс қойыңыз.
- Су аққанға дейін сорғы сүзгісін сағат тіліне қарсы аздап бұрып отырыңыз. Сүзгі алдында орнатылған ыдысқа суды ағызып алыңыз. Төгілген суды жинап алу үшін әрқашан шүберекті дайын ұстаңыз.
- Су ағып біткенде, сүзгіні толығымен бұрап шығарыңыз және оны машинадан алып шығыңыз.



- Сүзгінің ішкі бөлігін және сорғы қанатшасының айналасындағы кеңістікті қоқыс пен талшықтардан тазартыңыз.
- Сүзгіні орнына салыңыз.

7 Ақаулықтарды жою

| Мәселе | Ықтимал себептері | Әрекеттер / Шешімдер |
|---|---|---|
| Бағдарламаны іске қосу немесе таңдау мүмкін емес. | Кір жуғыш машина су немесе электр энергиясын берудің бұзылуынан (мысалы, желідегі кернеудің төмендеуі, су қысымы және т.б.) өзін-өзі қорғау режиміне ауыстырылды. | Бағдарламаны болдырмау үшін, бағдарламаны таңдау тұтқасын басқа бағдарламаға сәйкес күйге бұрыңыз. Бұрын таңдалған бағдарлама жойылады. («Бағдарламаны жою» бөлімін қараңыз). |
| Машинада су бар. | Кір жуғыш машинада дайындаушы-кәсіпорында сапаны бақылау процесінде пайдаланылған біраз су қалуы мүмкін. | Бұл ақаулық емес және машина үшін қауіп төндірмейді |
| Машина түбінен су ағады. | Сорғының шлангысы мен сүзгісін тексеріңіз. | Құю шлангаларындағы төсемдердің герметикалығын тексеріңіз. Шлангыны су құбыры кранына тығыздап қосыңыз. |
| | Мүмкін сорғы сүзгісі толық жабық емес. | Сорғы сүзгісінің толық жабылғанын тексеріңіз. |
| Машинаға су ақпайды | Су құбыры краны жабылған. | Кранды ашыңыз. |
| | Құю шлангысының майысуы. | Шлангыны түзетіңіз. |
| | Су беру келте құбырының сүзгісі бітеліп қалды. | Сүзгіні тазалаңыз. |
| | Жүктеу люгінің есігі сәл ашық. | Жүктеу люгінің есігін жабыңыз. |
| Машинадан су ағызылмайды. | Ағызу шлангы бітелген немесе бұралып қалған. | Шлангыны тазалаңыз немесе түзетіңіз. |
| | Сорғының сүзгісі қоқыстанған. | Сорғы сүзгісін тазалаңыз. |
| Машина қатты дірілдейді немесе шулайды. | Машина орнықсыз тұр. | Машинаны орнықтыру үшін аяқшаларын реттеңіз. |
| | Сорғы сүзгісіне бөгде зат түсті. | Сорғы сүзгісін тазалаңыз. |
| | Тасымалдау сақтандырғыш болттары шешілмеген. | Тасымалдау сақтандырғыш болттарын жойыңыз. |
| | Тым аз киім-кешек жүктелген. | Машинаға көбірек киім-кешек жүктеңіз. |

7 Ақаулықтарды жою

| Мәселе | Ықтимал себептері | Әрекеттер / Шешімдер |
|---|---|---|
| Машина қатты дірілдейді немесе шулайды. | Тым көп киім-кешек жүктелген. | Машинадан киім-кешектің біраз бөлігін алып тастаңыз немесе оны қолмен біркелкі таратыңыз. |
| | Машина қисайып тұр, өйткені аяқша астына бөгде зат түскен. | Машина түзу тұрмауының себебін, астында бөгде заттың болмауын тексеріңіз. |
| Машина бағдарлама іске қосылғаннан кейін көп ұзамай тоқтады. | Кір жуғыш машина желіде кернеудің төмендеуіне байланысты уақытша тоқтатылуы мүмкін. | Қалыпты кернеу қалпына келтірілгеннен кейін ол жұмысты қайта бастайды. |
| Машинаға құйылатын су бірден ағызылады. | Ағызу шлангысы тым төмен орнатылған. | Пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай, ағызу шлангысын қосыңыз. |
| Жуу кезінде машинадағы су көрінбейді. | Сырттан кір жуғыш машинада су деңгейі көрінбейді. Бұл ақаулық болып табылмайды. | |
| Жүктеу люгінің есігі ашылмайды.. | Есіктің құлпы бұғатталған, себебі машинада су бар. | Суды ағызу үшін «Ағызу» немесе «Сығу» бағдарламасын іске қосыңыз. |
| | Машина суды қыздырып жатыр немесе сығу циклын орындап жатыр. | Бағдарламаны аяқтауды күтіңіз. |
| Кір жуу сапасы төмен: киім-кешектің кірі ашылмайды, және онда дақтар қалады. (**) | Жуу құралының мөлшері жеткіліксіз | Киім-кешектің түріне сәйкес ұсынылған мөлшерде жуу құралын пайдаланыңыз. |
| | Тым көп киім-кешек жүктелген. | Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз. «Бағдарламаларды сипаттау» кестесіндегі ұсыныстарға сәйкес киім-кешек санын жүктеңіз. |
| | Бағдарлама мен температура дұрыс таңдалмаған. | Киім-кешектің түріне сәйкес жуу бағдарламасы мен температурасын таңдаңыз. |
| | Жарамайтын жуу құралы. | Кір жуғыш машиналарға арналған жоғары сапалы жуу құралдарын пайдаланыңыз. |
| | Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген | Жуу құралын таратқыштың тиісті бөлімшесіне салыңыз. Кір жуу ұнтағы мен ағартқышты араластырмаңыз. |
| Кір жуу сапасы төмен: киім-кешектің жағымсыз иісі бар. (**) | Үнемі төмен температурада жуу нәтижесінде және/немесе қысқа бағдарламаларды қолданғанда барабанда жағымсыз иіс шығаратын бактериялар қабаты жиналады. | Кір жуып болғаннан кейін жуу құралдары таратқышын және жүктеу люгінің есігін ашық қалдырыңыз. Осылайша, машина ішінде бактериялардың өсуі үшін қолайлы ылғалды орта пайда бола алмайды. |
| Түрлі-түсті киім-кешек өңіп кетеді. (**) | Тым көп киім-кешек жүктелген. | Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз. |
| | Жуу құралы дымқылданған. | Жуу құралдарын жабық тарада құрғақ салқын жерде сақтаңыз. |
| | Жуу температурасы тым жоғары. | Кір жуу бағдарламасын және температурасын киімнің түрі мен ластану деңгейіне сәйкес таңдаңыз. |
| Машина киім-кешекті нашар шаяды. | Сорғының сүзгісі қоқыстанған. | Сүзгіні тексеріңіз. |
| | Су ағызу шлангасы қысылып қалған. | Ағызу шлангысын тексеріңіз. |
| | Жуу құралының мөлшері жеткіліксіз. | Кермек суда кір жуғанда жуу құралының мөлшері жеткіліксіз болғанда, киім-кешек уақыт өте келе қатты бола бастайды. Судың кермектілігі деңгейіне сәйкес жуу құралының қажетті мөлшерін пайдаланыңыз. |

7 Ақаулықтарды жою

| Мәселе | Ықтимал себептері | Әрекеттер / Шешімдер |
|--|---|---|
| Машина киім-кешекті нашар шаяды. | Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. | Егер жібіту пайдаланылмаса да, жуу құралын жібіту бөліміне жүктесе, машина бұл құралды шаю немесе кондиционерді қолдану кезінде алып кетуі мүмкін. Жуу құралын тиісті таратқыш бөлімшесіне салыңыз. |
| Жуғаннан кейін киім-кешек қатты болып қалды. (**) | Жуу құралының мөлшері жеткіліксіз. | Кермек суда кір жуғанда жуу құралының мөлшері жеткіліксіз болғанда, киім-кешек уақыт өте келе қатты бола бастайды. Судың кермектілігі деңгейіне сәйкес жуу құралының қажетті мөлшерін пайдаланыңыз. |
| | Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. | Егер жібіту пайдаланылмаса да, жуу құралын жібіту бөліміне жүктесе, машина бұл құралды шаю немесе кондиционерді қолдану кезінде алып кетуі мүмкін. Жуу құралын тиісті таратқыш бөлімшесіне салыңыз. |
| | Жуу құралы кондиционермен араласуы мүмкін. | Кондиционерді жуу құралымен араластырмаңыз. Таратқышты ыстық сумен жуып, тазалаңыз. |
| Киім-кешекте кондиционердің иісі жоқ. (**) | Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. | Егер жібіту пайдаланылмаса да, жуу құралын жібіту бөліміне жүктесе, машина бұл құралды шаю немесе кондиционерді қолдану кезінде алып кетуі мүмкін. Таратқышты ыстық сумен жуып, тазалаңыз. Жуу құралын тиісті таратқыш бөлімшесіне салыңыз. |
| | Жуу құралы кондиционермен араласуы мүмкін. | Кондиционерді жуу құралымен араластырмаңыз. Таратқышты ыстық сумен жуып, тазалаңыз. |
| Жуу құралдары таратқышында жуу құралдарының қалдықтары. (**) | Жуу құралы ылғалды таратқышқа жүктелген. | Жуу құралын жүктер алдында таратқышты құрғатып сүртіңіз. |
| | Жуу құралы дымқылданған. | Жуу құралдарын жабық тарада құрғақ салқын жерде сақтаңыз. |
| | Су қысымы әлсіз. | Судың қысымын тексеріңіз. |
| | Жібіту үшін су алынған кезде, негізгі кір жуу бөлімшесіндегі жуу құралы суланған. Жуу құралдарын тарату бөліміндегі тесіктер бітеліп қалды. | Қажет болса, осы тесіктерді тазалаңыз. |
| | Жуу құралдарын тарату клапандарымен проблема. | Сервис орталығына жүгініңіз. |
| | Жуу құралы кондиционермен араласуы мүмкін. | Кондиционерді жуу құралымен араластырмаңыз. Таратқышты ыстық сумен жуып, тазалаңыз. |
| | Тым көп киім-кешек жүктелген. | Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз. |
| Кір жуудан кейін жуу құралы қалып қойды. (**) | Бағдарлама мен температура дұрыс таңдалмаған. | Киім-кешектің түріне сәйкес жуу бағдарламасы мен температурасын таңдаңыз. |
| | Жарамайтын жуу құралы. | Киім-кешектің түріне сәйкес жуу құралын таңдаңыз. |
| Жоғары көбіктүзілім. (**) | Жуу құралы кір жуғыш машина-автоматтарда пайдалануға жарамсыз. | Кір жуғыш машиналарға арналған жуу құралдарын пайдаланыңыз. |
| | Жуу құралы тым көп. | Жуу құралының қажетті мөлшерін ғана пайдаланыңыз. |

7 Ақаулықтарды жою

| Мәселе | Ықтимал себептері | Әрекеттер / Шешімдер |
|---|--|---|
| Жоғары көбіктүзілім. (**) | Жуу құралы келіспейтін жағдайда сақталған. | Жуу құралдарын абық және құрғақ жерде сақтаңыз. Оларды температурасы жоғары жерлерде сақтамаңыз. |
| | Құрылымы ұяшықты кейбір маталарды жуғанда, мысалы, тюль перделері мол көбік түзеді. | Мұндай түрдегі киім-кешектерге жуу құралының аз мөлшерін пайдаланыңыз. |
| | Жуу құралы таратқыштың тиісті бөлімшесіне жүктелмеген. | Жуу құралын таратқыштың тиісті бөлімшесіне салыңыз. |
| | Кондиционер уақытынан бұрын қолданылады. | Жуу құралдарын тарату клапандарымен қиындықтар туындауы мүмкін. Фирмалық сервис орталығына жүгініңіз. |
| Жуу құралын таратқышынан көбік шығып жатыр. | Жуу құралы тым көп. >>> 1 ас қасық кондиционерді 0,5 литр суға араластырыңыз және жуу құралын тарақтыштың негізгі кір жуу бөліміне құйыңыз. | 1 ас қасық кондиционерді 0,5 литр суға араластырыңыз және жуу құралын тарақтыштың негізгі кір жуу бөліміне құйыңыз. |
| | Киім кешекті жүктеу нормаларын ескере отырып, жуу бағдарламаларына сәйкес жуу құралдарын пайдаланыңыз («Энергияны тұтыну және бағдарламаларды таңдау кестесі» қара.). Дақ кетіргіш, ағартқыштар және т.б. осы сияқты қосымша құралдарды пайдаланған кезде жуу құралының мөлшерін азайту керек. | |
| Бағдарлама аяқталғаннан кейін киім-кешек дымқыл күйінде қалады. (*) | Мүмкін, жуу құралының артық мөлшеріне байланысты көп көбік пайда болды да көбік түзілімін бақылаудың автоматты жүйесі іске қосылды. | Ұсынылған жуу құралын пайдаланыңыз. |

* Егер барабандағы киім-кешек біркелкі бөлінбеген болса, машинаның өзі мен қоршаған заттардың зақымдануын болдырмау үшін машина сығуға ауыстырылмайды. Киім-кешекті біркелкі етіп бөліп, сығуды қайта қосу керек.

** Барабанды мезгілімен тазалау жүргізілмеуі мүмкін.>>> Барабанды мезгілімен тазалап отырыңыз. б.2 қараңыз.



ЕСКЕРТУ: Егер осы ұсыныстар арқылы қиындықтарды шешу мүмкін болмаса, сервис орталығына жүгініңіз. Ақаулы бұйымды өздігінен жөндеуге тырыспаңыз.

Өткізудің арнайы шарттары белгіленбеген.

Өнім ТШ 27.51.13-001-58880098-2017 бойынша «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004, «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020, «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037 сәйкес жасалған.

Сапа менеджменті, экология және энергетика жүйесі 9001, 14001, 50001 стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

УСЛОВИЯ ГАРАНТИЙНОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ

Уважаемый Покупатель!

Вы приобрели изделие производства компании, входящей в группу компании Arçelik. Изделие сертифицировано на соответствие международным стандартам, техническим регламентам и иным нормам, установленным действующим законодательством Российской Федерации и Евразийского экономического союза.

1. На территории РФ изготовитель устанавливает на изделия следующие гарантийные сроки: На крупногабаритную и малогабаритную бытовую технику, на кондиционеры 2 года; срок службы составляет для крупногабаритной техники и кондиционеров 7 лет, а для малогабаритной техники 5 лет со дня передачи изделия (товара) потребителю (первому покупателю).

В случае отсутствия документа, подтверждающего факт продажи, эти сроки начинают исчисляться от даты производства изделия, которая может быть вычислена из серийного номера. Информация о том, как прочитать серийный номер содержится в Инструкции по эксплуатации.

2. Условия гарантии распространяются на изделия, используемые только для личных, семейных, домашних нужд, не связанных с осуществлением предпринимательской деятельности.

3. При покупке и установке изделия проследите, чтобы гарантийный документ был правильно заполнен, не имел исправлений и в нем были указаны: дата продажи, печать и подпись продавца, модель и серийный номер изделия, дата установки, название и печать фирмы-установщика.

4. Сохраняйте гарантийный документ, чек на проданное изделие и квитанцию на услуги по его установке (доставке), доработке водяных и электрических внутриквартирных коммуникаций, а также любые другие документы, относящиеся к гарантийному или иному техническому обслуживанию изделия.

5. При обнаружении недостатков в изделии в период гарантийного срока организация, осуществляющая ремонт (авторизованный сервисный центр), приступает к их устранению в кратчайшие сроки без необоснованных задержек. Гарантийный срок на замененные в гарантийный период комплектующие изделия и составные части истекает при окончании гарантийного срока на изделие в целом.

6. В отношении кондиционеров и сплит-систем, варочных поверхностей и иной встраиваемой техники выполнение гарантийных обязательств осуществляется после демонтажа изделий силами потребителя или специализированной организации.

7. В случае необходимости диагностики и ремонта изделия в помещении организации, осуществляющей ремонт (авторизованный сервисный центр), транспортировка изделия осуществляется в соответствии с Законом РФ «О защите прав потребителей». В случае вызова специалиста для проверки качества изделия, в результате которой выявилось отсутствие недостатка или было выявлено, что недостатки возникли вследствие нарушения правил транспортировки, установки, эксплуатации изделия, действий третьих лиц или обстоятельств непреодолимой силы, диагностика изделия проводится бесплатно, а транспортные расходы оплачиваются потребителем по прейскуранту авторизованного сервисного центра. В случае отсутствия потребителя дома в момент прихода специалиста авторизованного сервисного центра к назначенному времени, при повторном вызове взимается плата за выезд специалиста по прейскуранту авторизованного сервисного центра.

Прежде чем вызвать специалиста авторизованного сервисного центра, внимательно прочитайте инструкцию по эксплуатации изделия.

8. Любые претензии по качеству изделия рассматриваются после предварительной проверки качества изделия представителем авторизованного сервисного центра.

9. Изготовитель не несет какой-либо ответственности за любой возможный ущерб, нанесенный потребителю, иным физическим, юридическим лицам в случае несоблюдения потребителем требований изготовителя, указанных в данных Условиях гарантийного обслуживания и Инструкции по эксплуатации.

Установка и подключение:

1. Изготовитель настоятельно рекомендует Вам доверить установку и подключение изделия специалистам авторизованных сервисных центров. Для уточнения адреса и телефона актуального авторизованного сервисного центра Вам необходимо обратиться по номеру телефона горячей линии 8-800-200-23-56. Вы можете также обращаться в любую другую специализированную организацию, имеющую соответствующий сертификат на оказание подобных услуг.

2. Оплата работ по установке и подключению изделия происходит по прејскуранту авторизованного сервисного центра/ специализированной организации. Условия оплаты работ по установке и подключению регулируются действующим законодательством. Изготовитель не несет какой-либо ответственности за любой ущерб, нанесенный имуществу граждан вследствие установки и подключения, не соответствующих требованиям, указанным в инструкции по эксплуатации, и/или произведенных не уполномоченными на это лицами.
3. В случае нарушения требований изготовителя по установке и подключению, ответственность за причиненный ущерб несет лицо, проводившее эту работу.

Гарантийными не признаются случаи, в которых недостатки в изделии возникли вследствие:

1. Не соблюдения требований изготовителя, указанных в настоящих Условиях гарантийного обслуживания;
2. Не соблюдения потребителем правил установки, подключения, эксплуатации, хранения или транспортировки изделия, указанных в Инструкции по эксплуатации;
3. Ремонта не уполномоченными на то лицами, если такой ремонт повлек за собой нарушение в работе изделия;
4. Разборки изделия, изменения конструкции и других вмешательств, не предусмотренных инструкцией по эксплуатации;
5. Неисправностей и повреждений, вызванных экстремальными условиями и/ или действием непреодолимой силы (пожар, стихийные бедствия, и т. д.), а также эксплуатацией изделия в помещении с повышенной влажностью, температурой и т. д.;
6. Повреждений техники или нарушений ее нормальной работы, вызванных животными или насекомыми, а также следами их жизнедеятельности;
7. Повреждений изделия или нарушений ее нормальной работы, вызванных сверхнормативными отклонениями параметров сети электро-, газо-, или водоснабжения от номинальных значений, а также нестабильной работой параметров вышеуказанных коммуникаций;
8. Использования изделия для предпринимательской деятельности и/или в непредусмотренных целях;
9. Повреждения или ухудшения функциональных характеристик изделия, вызванных использованием нестандартных и (или) некачественных расходных материалов, принадлежностей, средств бытовой химии, включая кислотосодержащие и абразивные чистящие или моющие средства, образованием на нагревательных элементах избыточного слоя накипи (при повышенной жесткости воды необходима обработка соответствующими составами), а также попаданием внутрь инородных предметов, остатков пищи, и механических примесей.
10. Внешних и внутренних механических повреждений изделия (царапины, трещины, сколы, потертости и прочие механические повреждения), возникших в процессе установки, эксплуатации или транспортировки изделия.
11. Термических и других подобных повреждениях, которые возникли в процессе эксплуатации.
12. Гарантия изготовителя не распространяется на изделия с удаленными или испорченными табличками, содержащими идентификационный и серийный номер изделия.
13. Гарантия изготовителя не распространяется на косметические дефекты, не влияющие на потребительские свойства изделия, а также на расходные материалы, подверженные естественному износу (фильтры, прокладки, уплотнения, сальники, резиновые шланги, декоративные накладки, электрические лампы, аэраторы, элементы питания и др. в том числе на перемещаемые вручную пластиковые, стеклянные и металлические детали).
14. Изготовитель не несет какой-либо ответственности за любой возможный ущерб, нанесенный потребителем, физическим, юридическим лицам, в случае касания задней стенки прибора стояков отопления, газовых труб, металлических элементов и т. п., несоблюдения потребителем требований изготовителя, указанных в настоящих Условиях гарантийного обслуживания, и в Инструкции по эксплуатации.
15. По истечении гарантийного срока рекомендуется не реже одного раза в 1 год обращаться в авторизованный сервисный центр для проверки качества вашего изделия. Диагностика оплачивается владельцем по прејскуранту авторизованного сервисного центра.
16. Изготовитель не рекомендует использовать изделие за пределами установленного срока службы. Обеспечив правильную утилизацию данного изделия, Вы можете предотвратить потенциальные негативные последствия для окружающей среды и здоровья человека, которые могли бы иметь место в противном случае.

Действует только на территории РФ / Valid for Russian Federation only

beiko

ГАРАНТИЯ 2 ГОДА

Адрес: Россия, 125040, г. Москва, вн.тер.г.муниципальный округ Беговой, Ленинградский пр-кт, д. 15, стр. 10, этаж 4.
Телефон горячей линии 8-800-200-23-56 (Звонок бесплатный на всей территории России)
Режим работы: пн-пт с 07-00 до 21-00, сб-вс с 08-00 до 21-00 (Московское время)

Гарантийный талон серия **RUS** № [] [] [] []

Модель Серийный номер

Дата продажи

Компания

Подпись продавца

ПЕЧАТЬ

Дата установки

Компания

Подпись мастера

ПЕЧАТЬ

Покупатель Телефон

Фамилия, Имя, Отчество

Изделие проверялось в присутствии покупателя;

Покупатель с условиями гарантии ознакомлен

Подпись покупателя



Отрывные купоны гарантийного талона являются средством отчетности о выполнении сервисным центром гарантийных работ. Купон изымается из гарантийного талона после удовлетворения Ваших претензий.

beiko

серия **RUS** № [] [] [] []

Дата продажи

ПЕЧАТЬ
МАГАЗИНА

3

ГАРАНТИЯ 2 ГОДА

beiko

серия **RUS** № [] [] [] []

Дата продажи

ПЕЧАТЬ
МАГАЗИНА

2

ГАРАНТИЯ 2 ГОДА

beiko

серия **RUS** № [] [] [] []

Дата продажи

ПЕЧАТЬ
МАГАЗИНА

1

ГАРАНТИЯ 2 ГОДА

Место для наклейки кода изделия